

№11 М. П. Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

2022-2023 оқу жылындығы педагогикалық кеңес

Хаттама №1

Қатысқаны:80

Қатыспағаны:3

31.08.2022 ж

Күн тәртібінде:

№	Мазмұны	Жауапты
1	Мектептің 2022-2023 оқу жылына арнаған кешенді жоспарын талқылап бекіту..	М. Калменов
2	ҰБТ тестіндегі жіберілген кемшіліктерді талдай отырып, 2022-2023 жаңа оқу жылына 11 сынып пен 9 сыныптарда байқау тесттерін жоспарлы алу үшін жауапты адамдарды бекіту.	Қ. Молдашов
3	Жаңа оқу жылының басталуы туралы бұйрықпен таныстыру.	Қ. Молдашов
4	2022-2023 оқу жылындағы базистік оқу жоспарының түрін таңдап алу және бекіту.	Қ. Молдашов
5	Мұғалімдердің апталық жүктемесінде бөлінген сағаттарды стандартқа сай бекіту.	Қ. Молдашов
6	Мектепте оқу тәрбие жұмыстарын мұғалімдерге қоғамдық міндеттер ретінде жүктеу және бекіту. Ұжым мүшелерін ішкі еңбек шартымен таныстырып бекіту.	М. Калменов
7	Педагогикалық және кіші қызметкерлердің жалақысын есептейтін тарификация комиссиясын құру.	М. Калменов
8	Сынып жетекшілердің міндеттерімен және тәрбие жұмысындағы бағыттарымен таныстыру. Сынып жетекшілер мен кабинет меңгерушілерін бекіту. Оқушыларды мектеп формасымен қамту.	П. Бекжанова
9	Әр түрлі мәселелер.	М. Калменов

Мектеп директоры:

М. Калменов

Педагогикалық кеңесті мектеп директоры М. Калменов күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, ашып берді. Педагогикалық кеңестің алқа мүшелерін сайлап алды. Алқа мүшелері төмендегі тізім бойынша бекітілді:

1. Мектеп директоры: М. Калменов
2. Директордың оқу-ісі орынбасары: Қ. Молдашов
3. Ағылшын тілі мұғалімі: Г. Тасболатова
4. Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі: З. Абенова
5. Математика пәні мұғалімі: Б. Баядилова
6. Бастауыш сынып мұғалімі: А. Кожаметова
7. Қазақ тілі пәні мұғалімі: Д. Есенбаева

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе кешенді оқу жоспары бойынша мектеп директоры М.Калменов сөз алып, кешенді оқу жоспарымен таныстырып өтті.

Әр айда директор жанындағы кеңес және ішкі бақылау міндетті түрде жүріп отыратынын айтып өтті.

1. Қыркүйек айында 1-11 сыныптардың күнделік кз журналдарын зерделеу жұмыстары жүргізіледі.

2. «Мейірімді жүрек» қайырылымдылық акциясының қорытындысы туралы мәлімет берілетін болады.

3. Электронды журнал мен бастапқы білім деңгейін бақылау нәтижелерінің қорытындысы мен мониторинг шығару, талдау жүргізіледі.

4. Жасөспірім шақтың психологиялық ерекшеліктері тақырыбында жұмыстар атқарылатынын айтып өтті.

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы: Мектептің кешенді оқу жоспары егжей-тегжейлі толық талқыланды деп есептелсін және бекітілсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе ҰБТ тестіндегі жіберілген кемшіліктерді талдай отырып, 2022-2023 жаңа оқу жылына 11 сынып пен 9 сыныптарда байқау тесттерін жоспарлы алу үшін жауапты адамдарды бекіту

бойынша директордың оқу ісі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. Ол өз сөзінде ұлттық бірінғай тестілеуді жауапты етіп мектепке, яғни мұғалімдерге бергенін айтты. Сонымен бірге былтыр біраз жұмыстар жүргізгендерін және оның нәтижелі болмағанын айтты. Былтырғы оқу жылынды 11-сыныпты 28 оқушы бітірген. Оның ішінде 13 оқушы ұлттық бірінғай тестілеуге барғанын және 5 оқушы грант иегері болғанын айтып өтті. Олар: Елікбай К, Мельдехан А, Жұмабек Ж, Абдихалилова М, Сарық А.

№	Оқушының аты-жөні	Тарих	Оқу сауат	Матем сауат	Таңдау	Таңдау	Балл
1	Еликбай К	6	18	13	Матем 34	Физика 37	108
2	Даулет Е	10	17	7	Матем 10	Физика 12	56
3	Мельдехан А	10	12	5	Биолог 12	Химия 11	50
4	Алтай Р	6	16	5	Биолог 8	Химия 4	39
5	Ахмедова Ұ	8	14				22
6	Жұмабек Ж	9	11	6	Матем 31	Физика 27	85
7	Абдихалилова М	11	17	8	Биолог 17	Химия 20	73
8	Мергенбай А	10	18	9	Географ 14	Матем 15	66
9	Бигелді К	9	17	7	Ағылшын 20	Д.тарих 17	54
10	Сарық А	9	17	7	Ағылшын 20	Д.тарих 15	66
11	Жақсыбай А	7	15	7	Матем 10	Физика 7	46
12	Сейдалы А	6	14	5	Матем 13	Физика 13	51
13	Мүсірәлі А	9	16	7	Д.тарих 15	Құқық 18	65
	13 оқушы	8,1	15,4	7,0	16,2	15,5	62

6 оқушы - математика-18,8

5 оқушы-физика-19,2

3 оқушы-биология-12,3

3 оқушы- химия-11,6

3 оқушы- д.тарих-15,6

1 оқушы- құқық-18,0

2 оқушы ағылшын т-10,5

1 оқушы-география-14,0

Ал, 9-сыныптар бойынша білім жетістіктерін сырттай бақылау бойынша жұмыс жүргізілгені айтылды. Қ. Молдашов адағы уақытта оқушы санын түгелдеп, таңдау пәндерін анықтап, жауапты мұғалімдерді бекітіп, сол бойынша жұмыс жүргіземіз деп мәлімдеме жасады. Сонымен қатар ол өз сөзінде биыл қатаң түрде жұмыс жүргізетін боламыз деп ескертті.

Екінші мәселе бойынша педагогокалық кеңесте қабылданған қаулы: ҰБТ мәселесі бойынша атқарылған жұмыстар, оның ішінде жетістіктер мен жіберілген кемшіліктер толық талқыланды деп есептелсін. Жоспарлы байқау тесттерін алып отыру 11- сынып пен 9- сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе жаңа оқу жылының басталуы туралы бұйрықпен таныстыру бойынша директордың оқу ісі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. Ол Сарыағаш ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» 25.08.2022 жыл күнгі №191-НҚ бұйрығымен таныстырып өтті.

1.2022-2023 оқу жылының басталуы-2022 жылғы 1-қыркүйек.

2.Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда -35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда-36 оқу аптасы.

3. Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері.

1-11 (12)-сыныптарда күзгі каникул-7 күн (2022жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы -9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында) көктемгі (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында).

1-сыныптарда қосымша каникул-7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ. Молдашовқа, яғни өзіне жүктелгенін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы: Жаңа оқу жылының басталуы туралы №109 бұйрық таныстырылды деп есептелінсін. Осы бұйрық негізінде іс-жүргізу барша ұжым мүшелеріне міндеттелсін.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе 2022-2023 оқу жылындағы базистік оқу жоспарының түрін таңдап алу және бекіту бойынша директордың оқу ісі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. 2022-2023 оқу жылындағы базистік оқу жоспарында өзгерістер бар екенін айтты. Жалпы Қазақстан бойынша қалаларда біраз мектептерде алты күндік оқу екенін, ал қалған мектептерде бес күндік оқу болып бекітілгенін айтып өтті. Сонымен қатар сағаттардың қысқарғанын, әсіресе 5-11 сыныптарда екені айтылды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2012 ж 8-қарашадағы №500 бұйрығына сәйкес 4-сыныптар 1-қосымшамен оқытылады. 5-9 сыныптар 6-қосымшамен оқытылады. 10-11 қоғамдық-гуманитар бағыты 85-қосымшамен, 10-11 жаратылыстану бағыты 86-қосымшамен оқытылатынын айтты. Бұл жерде 5-9 сыныптарда таңдау пәндер логотиптік компонентпен берілетін болатын, биыл соған байланысты сағаттар қысқарғанын айтып өтті. Сабақтар таңертең 8:00-де, түс қайта 14:00-де басталатыны айтылды.

Төртінші мәселе бойынша педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы: 2022-2023 оқу жылындағы базистік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымшасы үлгілік оқу жоспарымен оқытылсын.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе мұғалімдердің апталық жүктемесінде бөлінген сағаттарды стандартқа сай бекіту бойынша директордың оқу ісі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. Ол өз сөзінде мұғалімдердің апталық жүктемесі стандартқа сай емес екенін айтты. Қазақ тілі, ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне сағат жеткілікті екенін айтты. Ал, орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімдеріне сағат жеткіліксіз екенін де айтып өтті. Себебі, өткен оқу

жылында жиырма оқушы бөліп оқытылған болса, жаңа оқу жылында министірліктің оқушы санының жиырма төртке жетсе ғана бөлінеді деп талап қоюы болып отыр. Математика және информатика пәні мұғалімдерінің сағаты жеткілікті. Химия-биология пәні мұғалімдерінің сағаты жеткілікті. Тарих-география пәндерінің сағаты жеткілікті. Дене шынықтыру пәні бөлінбейтін болғандықтан екі мұғалімге сағат жетпейтінін де ескертіп айтты. Сағаты жеткіліксіз мұғалімдер өзара келісіп, 12 сағатпен жұмыс жасаймыз деп шешкенін айтып өтті. Технология және ән-күй сабақтарынан сағат жеткілікті. Ал, өзін-өзі тану пәні мұғалімдеріне сағат жеткіліксіз, бір мұғалімге сағат жетпейтіні айтылды. Тағы бір мұғалімді мектеп ішінен жұмыспен қамтамасыз етілгендігін айтып өтті.

Жарыс сөзге шыққандар: Ж. Орымбаева сағаты жеткіліксіз мұғалімдерге ескерту беру керектігін айтып өтті. Директордың оқу ісі орынбасары Қ. Молдашов сағаты жеткіліксіз мұғалімдерге 31.08.2022 ж ескерту берілетінін айтты және танысып, қол қойып кетуін ескертті.

Бесінші мәселе бойынша педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы: Мұғалімдердің апталық жүктемесі жаңа оқу жоспары негізінде өзгерістерге ұшыраған орыс тілі және дене тәрбиесі пәндерін есептемегенде стандартқа сай деп септеліп, бекітілсін.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе мектепте оқу тәрбие жұмысында мұғалімдерге қоғамдық міндеттерді жүктеу және бекіту бойынша мектеп директоры М. Калменов сөз алды. Ол өз сөзінде мұғалімдердің мектеп ішінде түрлі қоғамдық іс-шараларға тартылатындығын хабарлады. Сонымен қатар мектептің «ішкі тәртіп ережесіне» кеңірек тоқталып: сабақтан кешікпеуі, іс-құжаттар мен сабақ жоспарларын өз уақытында дайындау, күнделік kz өз уақытында толтыру, мектепке алкагольдік ішімдік ішіп келмеу, мұғалім сабақ басталардан алдын 15 минут ерте келіп, сабаққа дайындалуы туралы мән жайларды айтты. Сонымен қатар мектеп формасы және себепсіз сұранбауы туралы айтылды. Барлық мұғалімдердің мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағыну керектігі баса айтылды. Мектеп басшысы ұжым мүшелерін «Білім туралы» заңның 41,47,48,49,50,51,52, баптарымен таныстырды.

Алтыншы мәселе бойынша педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы: Мектепте оқу тәрбие жұмысында мұғалімдерге қоғамдық міндеттерді жүктеу мен бекіту барысында «Білім туралы» заңының

41,47,48,49,50,51,52- баптарын Қ.Р. үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәжірибе тұжырымдамасы педагогтарға таныстырылды деп есептелсін. Мектептің ішкі тәртіп ережесінің талаптарын сақтау және орындау барлық ұжым мүшелеріне міндеттелсін. Бекітілген қоғамдық міндеттердің жұмыстары жандандырылсын.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша мектеп басшысы сөз алып педагогтер мен кіші қызметкерлердің жалақысын есептейтін тарификация комиссиясын құрып алуымыз қажет, кімде қандай ұсыныс бар деп көпшілікке сұрақ тастады. . Ұжым бірлесе отырып, төмендегіше тарификация комиссиясын құру туралы өз ұсыныстарын білдірді.

1. Мектеп директоры: М. Калменов

2. Директордың оқу ісі орынбасары: Қ. Молдашов

3. Шаруашылық жөніндегі директордың орынбасары: С. Жұманов

4. Кәсіподақ комитетінің төрайымы: С. Орымбаева

5. Бастауыш сынып мұғалімі: О. Чинибекова

Жетінші мәселе бойынша педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы:
Педагогтар мен кіші қызметкерлердің жалақысын есептейтін тарификация комиссиясы төмендегінше құрылсын және бекітілсін.

1. Мектеп директоры: М. Калменов

2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Қ. Молдашов

3. Шаруашылық жөніндегі орынбасары: С. Жұманов

4. Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Ж. Орымбаева

5. Бастауыш сынып мұғалімі: О. Чинибекова

8. Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе сынып жетекшілердің міндеттерімен және тәрбие жұмысындағы бағыттарымен таныстыру. Сынып жетекшілер мен кабинет меңгерушілерін бекіту. Оқушыларды мектеп формасымен қамтамасыз ету бойынша директордың тәрбие ісі орынбасары П. Бекжанова сөз алды. МАД тобынан бастап 11-сыныптарға дейін сынып жетекшілерді тағайындағаны жайлы таныстырып өтті.

№	Сыныбы	Бекітілген сынып бөлмелері	Сынып жетекшілердің аты- жөні
1	1 «а» сынып	№21	Нәлтаева Шолпан
2	1 «ә» сынып	№23	Құралова Құрбанкүл
3	1 «б» сынып	№24	Чинибекова Оңласын
4	2 «а» сынып	№22	Сламбекова Аягөз
5	2 «ә» сынып	№27	Оразбаева Хадиша
6	2 «б» сынып	№23	Асқанбаева Нұрсұлу
7	3 «а» сынып	№22	Дарикозова Айжамал
8	3 «ә» сынып	№28	Есенбаева Кулжан
9	3 «б» сынып	№23	Құдайбергенова Айгүл
10	3 «в» сынып	№29	Байтілесова Ұлмекен
11	4 «а» сынып	№25	Қожахметова Асида
12	4 «ә» сынып	№27	Түзелбаева Ұлжалғас
13	4 «б» сынып	№29	Наурызова Жанат
14	5 «а» сынып	№14	Уралбаева Айнур
15	5 «ә» сынып	№13	Турлыбаева Айнур
16	5 «б» сынып	№11	Отарова Ұлданай
17	6 «а» сынып	№37	Қуаныш Жанат
18	6 «ә» сынып	№12	Майрихова Мадина
19	6 «б» сынып	№33	Абламатқызы Халима
20	7 «а» сынып	№34	Ахметова Сурая
21	7 «ә» сынып	№32	Мауленбаева Ботакоз
22	7 «б» сынып	№35	Еримбетова Айнур
23	8 «а» сынып	№33	Кожухова Дилроза
24	8 «ә» сынып	№38	Сүлейменова Сайра
25	9 «а» сынып	№13	Ботабекова Шолпан
26	9 «ә» сынып	№34	Жүзбаева Айгерім
27	9 «б» сынып	№37	Тастанова Нұрсауле
28	10 «а» сынып	№36	Бейсебаева Райхан
29	10 «ә» сынып	№12	Орымбаева Жамиля
30	11 «а» сынып	№14	Тасболатова Гүлжан
31	11 «ә» сынып	№11	Наурузова Бағила

Сегізінші мәселе бойынша педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы:
Сынып жетекшілер мен кабинет меңгерушілері жоғарыдағы тізім бойынша бекітілсін. Оқушылар түгел мектеп формасымен қамтылсын. Сынып жетекшілердің міндеттері мен бағыттары таныстырылды деп есептелсін.

9. Күн тәртібіндегі тоғызыншы мәселе әр түрлі мәселелер бойынша мектеп директоры М. Калменов сөз алды. Ол өз сөзінде әлеуметтігі төмен отбасыларды анықтау туралы әлеуметтік педагог мұғалімге тапсырма берді.

Мектепте бірыңғай формасына өту туралы мұғалімдерге ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болып, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, барлық баланың мектеп формасымен қамтылу керек екендігі туралы айтып өтті. Сағат мәселесі әлі нақтыланбағаны және шешілетіні туралы ескертті. Өзін — өзі тану, дене шынықтыру, көркем еңбек, орыс тілі және әдебиеті пән мұғалімдеріне сағат санының қысқаруы бойынша ескерту берілді.

Мектеп директоры:  М. Калменов

Хатшы:  М. Майрихова

№11 М. П. Окорокоев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

2022-2023 жылындығы педагогикалық кеңес

Хаттама №3

05.01.2023 ж.

Барлығы:75

Қатысқандар:70

Күн тәртібінде:

№	Мазмұны	Жауапты
1	2022-2023 оқу жылының I-жарты жылдықтағы оқу тәрбие жұмысының қорытындысы.	Қ. Молдашов Н. Балғабаева П. Бекжанова М. Ауқенбаева
2	11-сынып оқушыларын ҰБТ-ке дайындық жұмыстарының жалпы есебі.	Қ. Молдашов Пән мұғалімдері
3	II-тоқсан бойынша мектеп BILIM LEND орындау барысы. II-тоқсанның қорытындысы, білім сапасы, I-жарты жылдықтағы білім деңгейінің мониторингі.	Қ. Молдашов
4	Жанұядағы зорлық және жеке іс пе, әлде әлеуметтік мәселе ме?	Пікірталас Ж. Дүйсенова
5	Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы.	Н. Балғабаева
6	5-сыныптардың I-жарты жылдықтағы деңгейін анықтап, сыныптан сыныпқа көшіру.	Қ. Молдашов Н. Балғабаева
7	Әр түрлі мәселелер.	М. Калменов

Мектеп директоры:

М. Калменов

Тындалды:

Педагогикалық кеңесті мектеп директоры **М. Калменов** күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, ашып берді.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары **Қ. Молдашов** сөз алды. Ол І-жарты жылдықтағы сыныптардың үлгерімі туралы қорытынды жасады.

І-жарты жылдық бойынша тоқсан қорытындысы:

5- сыныпта оқушы саны 64

Оқу озаты-7

Екпінді -17

Үлгеруші:40

Білім сапасы-38%, Орташа балл-3,98%

6-сыныпта оқушы саны 76

Оқу озаты-9

Екпінді-17

Үлгеруші-50

Білім сапасы-34%

Орташа балл-3,9%

7-сыныпта оқушы саны 78

Оқу озаты-5

Екпінді-15

Үлгеруші-58

Білім сапасы-26 %

Орташа балл-3,83 %

8-сыныпта оқушы саны 59

Оқу озаты - 6

Екпінді-12

Үлгеруші- 41

Білім сапасы- 31%

Орташа балл-3,78%

9-сынып оқушы саны 62

Оқу озаты- 7

Екпінді- 13

Үлгеруші- 42
Білім сапасы-32
Орташа бал- 3,86

10-сыныпта оқушы саны 39
Оқу озаты-7
Екпінді- 12
Үлгеруші- 20
Білім сапасы- 49%
Орташа балл- 4,01%

11-сыныпта оқушы саны 40
Оқу озаты- 6
Екпінді- 10
Үлгеруші- 24
Білім сапасы- 40 %
Орташа балл- 3,94 %

Қ. Молдашов үлгерімі төмендеген сыныптардың сынып жетекшілерінен себебін сұрап, сыныппен жұмыс жасауын талап етті. Үлгерімі не себепті төмендегенін анықтаңдар!- деп тапсырма берді. Тоқсандықта бір «3», бір «4»-і бар оқушылардың қай пәннен алғанын анықтауды сұрады. Пән мұғалімдері сол оқушыларға қосымша тапсырмалар беруді ұсынды. Сонда ғана білім сапасы жоғарылайды деп, өз пікірін білдірді. Сонымен қатар 5-сыныптардың а,в,с деңгейіне бөлініп оқытылатынын ескере отырып, білім сапасы төмендеген сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдері ауыстырылсын деп өз ұсынысын айтты.

Бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі орынбасары **М. Аукенбаева** сөз алды. Ол бастауыш сыныптар бойынша I-жарты жылдықта атқарылған жұмыстарды атап өтті.

Қыркүйек айында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді. 3-сыныптар бойынша «Менің жарқын жазғы оқиғаларым» атты тәрбие сағаттарын өтілді. 1-4 сынып жетекшілері «Жолда жүру ережелері» атты тәрбие сағаттар өтті. 2-сыныптар арасында «Біз табиғатты сүйеміз» тақырыбында ашық сабақтар өтті. 3-сыныптар арасында «Тіл жүйрік те кім жүйрік» тақырыбында сайыс сабақтар өтілді. 1-4 сыныптар арасында «Тілім менің тұғырым» атты ашық сабақтар өтілді. 4-сыныптар арасында «Жаратылыстану әлемі» тақырыбында ашық сабақтар, 1-

4 сыныптар арасында «Тапқырлар» сайысы өтілгенін айтып өтті. Сонымен қатар І-тоқсан қорытындысы жайында есеп берді.

І-тоқсан қорытындысы:

1-сыныптар 68 оқушы, бағаланбайды

2-4 сыныптар 222 оқушы

Оқу озаты- 38

Екпінді-60

Үлгеруші-124

Білім сапасы: 62,4 %

Орташа балл: 3,7%

Қараша айында 2-4 сыныптардың оқу сауаттылығы тексерілді. Математика және қазақ тілі пәндерінен 2-4 сыныптардан 0-дік бақылау алып отырғанын айтып өтті. Қазан айында 1-4 сыныптар арасында 25-қазан Республика күніне орай тәрбие сағаттары өтілгенін айтты. 1-4 сыныптар арасында «Тәуелсіздік ел-Қазақстан» атты тәрбие сағаттар өтілді. Мектебімізде болып өткен аудандық семинарда бастауыш сыныптар бойынша Ұ. Түзелбаева семинар сабақ өткенін айтып өтті. 25-желтоқсан күні 2-сыныптар «Жас қыран» антын қабылдап, іс-шара болып өткені туралы есеп берді. 23-желтоқсан күні «Қош бол сүйікті әліппем!» атты тәрбие сағаттар өтілді. Сынып жетекшілері: Ш. Нәлтаева, О. Чинибекова, Қ. Құралова. 27-желтоқсан «Қош келдің Жаңа жыл!» атты іс-шаралар өз дәрежесінде өтілгенін айтты.

М. Аукебаева мұғалімдердің жетістіктерін де атап өтті:

Аудандық пәндік олимпиададан Ұ. Түзелбаева ІІІ орын иеленді.

«Функционалдық сауаттылық жақсарту» сайысына қатысып, З. Пірімқұлова ІІІ-орын иеленді.

«Жас маман» сайысына қатысып, М. Абуова ІІІ-орын иеленгенін айтып өтті. Сонымен қатар ІІ-тоқсан қорытындысы жайында есеп берді.

ІІ-тоқсан қорытындысы:

1-сыныптар 69 оқушы, бағаланбайды

2-4 сыныптар 218 оқушы

Оқу озаты-48

Екпінді-71

Үлгеруші-99

Білім сапасы: 64%

Орташа балл: 3,8%

М. Аукенбаева алдағы уақытта үлгерімі төмен оқушылармен қалай жұмыс жүргізу керек екендігі туралы өз ұсыныстарын айтты:

- Үлгерімі төмен оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс кестесін құру.
- Оқушыға жеке папка арнау.
- Қосымша сабақтар жүргізу.
- Білім кетіктерін жоюға арналған тапсырмалар құрастыру.
- Ата-анамен үнемі байланыста болу, бірігіп жол іздеу.
- Психологтың кеңесіне жүгіну.

Бұл мәселені сынып жетекші мен пән мұғалімдеріне жүктегенін айтып, жұмыс жасауды талап етті.

Бейін ісі бойынша **Н. Балғабаева** сөз алды. №11 М. П. Окорок мектебінде І-жарты жылдық бойынша нәтижеге бағдарланған әдістемелік жұмыс ұйымдастырылғанын айтып өтті. Ол алдымен марапатқа ие болған мұғалімдер жетістіктері туралы айтып өтті:

- З. Абенова-«Үздік педагог»
- Н. Алипбаева-«Мәртебелі ұстаз»
- Г. Тасболатова «Мәртебелі ұстаз»
- С. Сулейменова «Мәртебелі ұстаз»
- М. Майрихова «Тамыз пед оқуы»
- Б. Мададов «Тамыз пед оқуы»
- С. Сулейменова «Ғылыми жоба сайысы 2-орын»
- Н. Амиров «Облыстан 3-орын»

Сонымен қатар пән апталықтары жоспары бекітілгенін және ол өз дәрежесінде өтіліп отырғанын айтты.. Ең алдымен қыркүйек айында Тіл апталығы үш тілде өтілді. 11-сыныптар арасында жаратылыстану-математикалық бағытта президенттік олимпиада болып өтті. «Тіл менің тірегім» тақырыбында ашық сабақ, сайыс сабақтар жоспарға сәйкес өтіліп отырды. Орыс тілі бойынша жетекші мектептер арасында аймақтық семинар болып өтті. Онда біздің 5 жас мамандарымыз сабақ өткенін айтты. Сонымен қатар мұғалімдердің шеберлігін арттыру мақсатында 10 мұғалім курстан өткенін айтып өтті.

Сонымен қатар МИФ тобының 10 күндік ашылуы болды. МИФ тобындағы мұғалімдер өте белсенді қатысты деп өз пікірін білдірді. Ағылшын тілі бойынша жетекші мектепке 2 ағылшын тілі мұғаліміміз қатысып қайтты және сол мектептің оқушыларымен сабақ өтілгенін айтты. Жетекші мектептердің қатысуымен бірлесіп, мектебімізде аудандық семинар болып өтті. Онда химия және бастауыш сынып мұғалімдері сабақ өтті. Іс-әрекетті зерттеу бойынша әр бірлестікте сабаққа еніп, талдау жасалынды. Жас

мамандар арасында «Үздік жас маман» сайысы болып өтті. Оған біздің 8 жас маман қатысты. Ағылшын тілі мұғалімі Ұ. Отарова бас жүлдені иеленгенін айтып өтті. І-жарты жылдықта «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 8-9 сыныптарға 2 аптада 1 рет кітап оқу сайысы болып отырды. 14 мұғалімнің сабағына енгенін, оған талдау жасағанын айтып өтті. 5-сыныптарды деңгейге бөлінген оқушыларды аптасына сабағына еніп, қадағалап отырғанын айтты. Н. Балғабаева өткен аптада мектебімізде аудандық семинардың болуына байланысты қалдырылған тарих пәнінің он күндігі осы айда өткізілуін ұсынып, өз пікірін білдірді. Сонымен қатар жас мамандардың сабақтарына осы тоқсанда тағы еніп, қадағалап отыруды ұсынды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **П. Бекжанова** сөз алды. Мектепте 5-11 сыныптар аралығында 18 сынып комплектісі бар, 5-11 сыныптарда барлығы 421 оқушы оқитынын айтып өтті. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарылғанын айтты. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарды қамтитын бес семинар өту жоспарланғанын айтып, атап өтті.

- Тәрбие жұмысын жоспарлау
- Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі
- Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі
- Жалпы құқықтық білім беру жұмысы
- Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру

Мектептің, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастықтың бірлескен қызметін жоспарлап, ата-аналармен жергілікті қоғамдастықты оқу сапасын, баланың қауіпсіздігін қадағалау мақсатында ата-аналарға педагогикалық лекторий 5-11 сыныптардың мұғалімдері тарапынан «Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр», «Менің жанұям», «Байлықтың атасы еңбек» атты тақырыптарында лекциялар оқылғанын айтып өтті..

«Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында мектеп ата-аналары арасында жиналыс өткізіліп, жиналысқа 80 ата-ана қатысып, ата-аналарының комитетінің төрағасы Е. Олжабаев «Бала тәрбиесі жауапті іс», мектеп психологы Ұ. Күлтаева «Жанұя-шағын ұжым» атты баяндамаларын оқыды, ата-аналар өз ойларын ортаға салды деп есеп берді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік өткізілді. 5-8 сыныптарда «Өмірдің қауіпті өткелдері және оны жолдары» атты сынып сағаттары өткізілді. 9-11 сыныптарда «Зорлықсыз әлемді бірге құрайық!» сынып сағаттары өткізілді. Кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлесе отырып әңгімелер жүргізіп, хаттамалары тіркелген.

10-11 сыныптар арасында Сарыағаш АІБ-нің ӘПБ-нің Юпт-нің инспекторы полиция аға лейтенанты А. Джекебаев қатысуымен «Өз құқығыңды білесің бе?», «Жасөспірім қылмыскер қайдан шығады?» деген тақырыптарда семинар өтілгенін мәлімдеді. Мектебімізде төмендегідей психологиялық жұмыс әдістері жүргізілгенін айтып, атап өтті:

- Баланың мектепке даярлығын анықтау.
- Орта буын оқушыларымен зерттеу жұмыстары.
- Суицидтің алдын-алу шаралары.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша **Қ. Молдашов** сөз алды. 11-сынып оқушылары 26-қаңтар күні ақылы тәжірибелік тесттен өтетінін айтты. Сонымен қатар оқушылар қосымша сабаққа түгел келмей жатқанын айтып өтті.

Химия пәні мұғалімі Н. Алипбаева сөз алды. ҰБТ-ға баратын 11-сынып оқушыларының химия пәнінен алынған тесттің қорытындысы жайлы мәлімет берді. ҰБТ-ға химия пәнін 8 оқушы тандаған. Дайындық жұмысын жүргізу әр аптаның жұма, сенбі күндері болатынын айтып өтті. Соңғы желтоқсан айында алынған тесттің көрсеткіші 16,2-20,8 болғанын айтты.

Математика пәні мұғалімі Б. Асқар сөз алды. ҰБТ-ға баратын 11 «ә» сынып оқушыларының математикалық сауаттылық және математика пәнінен алынған тесттің қорытындысы жайлы мәлімет берді. Дайындық жұмыстары әр аптаның сәрсенбі күні қосымша сабақ өтілетінін айтты. Соңғы желтоқсан айында алынған тесттің орта балы: 8,7 болғанын айтып өтті.

Тарих пәнінің мұғалімі Н. Жассақова сөз алды. Әр сәрсенбі қазақстан тарихы пәнінен, бейсенбі күндері дүние жүзі тарихынан және құқықтан қосымша сабақтар болып жатқанын айтты.

11 «а» сыныбында ҰБТ-ға баратын 13 оқушы. Қазақстан тарихынан орта бал: 14,5; Дүниежүзі тарихының орта балл: 18; Адам. Қоғам. Құқықтан: 20,8 балл болғанын айтып өтті.

11 «ә» сыныбында ҰБТ-ға баратын 15 оқушы. Қазақстан тарихынан 15,2 балл Дүниежүзі тарихының 18,2 балл Адам. Қоғам. Құқықтан 20,1 балл болғанын айтты.

Қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі Н. Тастанова сөз алды. 11 «а» сыныбында оқу сауаттылығынан тест тапсырытын оқушылардың жалпы саны 13 оқушы екенін айтты. Қосымша сабақ әр аптаның сейсенбі күні өтіліп жатқанын айтып өтті.

Биология және химия пәні мұғалімі Д. Кожухова сөз алды. 11 «ә» сыныбында ҰБТ-ға баратын 7 оқушы. Қосымша сабақ әр аптаның бейсенбі және жұма күндері өтіліп жүргенін айтты. Соңғы тест нәтижесі орта балл: 22 болғанын айтты.

Биология пәні мұғалімі М. Майрихова сөз алды. 11 «а» сыныбында биологиядан тест тапсыратын 6 оқушы бар екенін айтып өтті. Сонымен қатар әр аптаның бейсенбі күндері қосымша сабақ өтіліп жатыр. Соңғы тест бойынша орта балл: 21,6 болғандығын айтып өтті..

Жарыс сөзге шыққандар:

11 «а» сынып жетекшісі Г. Тасболатова үлгерімі төмен оқушалар дайындыққа келмей жүргенін айтты.

Мектеп директоры М. Калменов дайындыққа келмей жүрген оқушылармен сынып жетекші және пән мұғалімдері жұмыс жүргізуі керек екенін, ата-анамен байланыс жасаңыздар деп өз пікірін білдірді.

11 «ә» сынып жетекшісі Б. Наурузова пән мұғалімдері қосымша сабақ өтуге келіп жатқанын бірақ, үлгерімі төмен оқушылардың дайындыққа келмей жатқанын айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша **Қ. Молдашов** сөз алды. П-тоқсаннан бастап Bilim lend-ке өткенімізді ескертіп айтты. Bilim lend-ке кейбір мұғалімдер немқұрайлы қарағаны айтты. Тағы бір кемшілік сынып жетекшілерде болғанын, кейбір пәндердің атауын дұрыс қойылмағанын айтты. Сол себепті тоқсандық есебіміз кешіктірілгенін ескертті.

4. Күн тіртібіндегі төртінші мәселе бойынша **Д. Дүйсенова** сөз алды. Ол «Жанұядағы зорлық жеке іс пе, әлде әлеуметтік мәселе ме?» тақырыбында пікірталас жүргізді.

Мақсаты: Зорлық-зомбылықтың түрлерімен таныстыру. Қоғам болып алдын алу жұмыстарын талқылау.

Жанұядағы зорлық-зомбылық жайында мұғалімдер арасында пікірталас болды. Зорлық-зомбылықтан кейін балалардың мінез-құлығындағы байқалатын өзгерістер және эмоционалды және сөзбен қорлауда бастан кешкен балалардың мінез-құлықтары туралы талқылады. Сонымен қатар балаларды қауіп-қатерден қорғау туралы да айтып өтті. Пікірталасты мектебіміздің педагог-психологы Ж. Дүйсенова былай деп қорытындылады:

Немістің ұлы ақыны В. Гете серуенге шығарда қалтасына түрлі гүлдердің тұқымын салып шығып, шалғындардан, орманнан өткенде, тауға шыққанда гүл тұқымдарын сеуіп жүруді жаны сүйген екен. Оның жүрген жерлері мезгілі келгенде керемет гүлдер өсіп шығатын. Гете сепкен гүл ме, әлде табиғи жолмен өздері көктеді ме, оны білу міндетті емес. Дегенмен сұлулық әлемі, өсемдік әлемі байыды. Сол сияқты дүниеде зорлық-зомбылық болмаса адам өмірі, адамзат дүниесі сұлу да өсем болар еді деп өз сөзін аяқтады.

5.Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша директордың бейін ісі орынбасары **Н. Балғабаева** сөз алды. Ол өз сөзінде мектебімізде 5-6 сыныптар арасында іріктеу олимпиадасы болып, аудандық кезеңге

қатыстырылғанын айтты. Аудандық кезеңнен төмендегі оқушылар жүлделі орындарға ие болғанын атап өтті:

- Жаратылыстану пәні бойынша 6 «ә» сынып оқушысы С. Абдихалилов 2-орынды иеленді. Жетекшісі: М. Майрихова.
- Тарих пәні бойынша 6 «ә» сынып оқушысы І. Дәулетов 2-орын иеленді. Жетекшісі: Н. Жассақова.
- Қазақ тілі пәнінен 6 «а» сынып оқушысы Мулдашова Икболой 3-орын иеленді. Жетекшісі: Б. Қуанышбаева.

Сонымен қатар мектебімізде мектепішілік 8-9-11 сыныптар арасында олимпиада болып өтті. Іріктеу кезеңіне қатысып, аудандық олимпиадаға 5 пәннен оқушыларымыз қатыстырылатынын айтты.

Мұғалімдер олимпиадасына барлық пәндерден мұғалімдер қатысып, аудандық кезеңнен жүлделі орындарға ие болғанын айтып, атап өтті:

- Ағылшын тілі мұғалімі Г. Тасболатова 1-орын
- Тарих пәні мұғалімі Н. Жассақова 2-орын
- Бастауыш сынып мұғалімі Ұ. Түзелбаева 2-орын
- География пәні мұғалімі Л. Мамитова 3-орын
- Қазақ тілі пәні мұғалімі А. Тұрлыбаева 3-орын

Облыстық кезеңге өткен ағылшын тілі пәні мұғалімі Г. Тасболатова 1-орын иеленгенін айтып, мұғалімдерге жылы лебізін білдірді.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша директордың оқу-ісі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. 5-сыныптардың І-жарты жылдықтағы деңгейі туралы мәлімдеме жасады.

5 «а» сынып

Бір пәннен «4» алған оқушылар:

- Сүйінбай Керемет-ағылшын
- Бекболат Исабек-математика

Бір пәннен «3» алған оқушылар:

- Амантай Сұлуназ-математика
- Адилбек Ерасыл-математика
- Кенжебек Асхат-үйде оқыту

5 «ә» сынып

Бір пәннен «3» алған оқушылар:

- Нұғман Нұрғали-математика
- Нұрғали Мейіржан-математика

- Жақсыбай Ерболсын-математика
- Жұмабек Нармина-математика
- Караева Билор-информатика
- Әріпбай Альмира-Д. тарих
- Сарик Нұрсезім-математика
- Дауренбек Жания-математика

5 «б» сынып

Бір пәннен «3» алған оқушылар:

- Нұрмұхамед Нұрдаулет-информатика

Оқушылардың деңгейіне қарап, сыныптан-сыныпқа көшіру туралы айтты.

Жарыс сөзге шыққандар:

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ұ. Отарова үлгеріміне қарай Н. Нұрмұхаммед, Н. Ахметова, Э Әбуды « а» деңгейінен «в» деңгейіне көшіруді ұсынды.

Мектеп директоры М. Калменов бұл мәселені мектеп әкімшілігімен ақылдасып, ата-аналар жиналысын жасау керек екенін айтты.

7. Күн тәртібіндігі жетінші мәселе бойынша мектеп директоры М. Калменов сөз алды. М. Калменов өз сөзінде 5-сыныптың білімге деген құштарлығын дамыту мақсатында түрлі логикалық, шығармашылық, интеллектуалдық іс-шаралар қойылғанын айтып, таныстырып өтті. Іс-шаралар қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі, қазақстан тарихы, дене шынықтыру, психологиядан болатынын және пән мұғалімдеріне жүктелгенін айтып өтті.

Сонымен қатар 06.01.2023 ж, сағат 10:00-де жалпы кәсіподақ жиналысы болатынын айтып, жиналысқа түгел қатысу керектігін ескертті. 06.01.2023ж, сағат 11:00-де сынып жетекшілерге «Тәрбие жұмысында сынып жетекші қалай жетістікке жетеді?» тақырыбында коучинг болатынын айтып, сынып жетекшілерді коучингке қатысуға шақырды.

Педагогикалық кеңесте қабылданған қаулы:

1. М. Аукенбаева І-жарғы жылдықтағы атқарылған жұмыстары І-ІІ тоқсанды салыстырмалы түрде есептегенде өсім бар. Толық «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

5 сынып а, б, с деңгейлері бойынша 17 % өзгеріс бар екендігі (есеп жинақы емес, нақты қорытынды жоқ) есепке алынып, келесі педагогикалық кеңеске күн тәртібіне қойылып, талқыланын.

Тәріе саласы: П. Бекжанова І-жарты жылдығында атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін. Кешігуші оқушылармен жұмысты жандандыру сынып жетекшілерге, сабақ уақытында оқушыларды сыртқа шығармау шараларын қолға алу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Н. Балғабаеваның есебі толық қанағаттанарлық деп есептелінсін.

2. 11-сыныптармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлықсыз. Осы мәселе бойынша жұмысты жандандыру сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне міндеттелсін. Бақылау мен басшылық Қ. Молдашовқа жүктелсін.

3. II-тоқсандағы Bilim lend-тің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.

4. Жанұядағы зорлық және жеке іс пе, әлде әлеуметтік мәселе ме? тақырыбындағы пікірталас назарға алынсын.

5. Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

6. 5-сыныптардың І-жарты жылдықтағы білім деңгейлері бойынша төмендегіше сыныптан сыныпқа көшірілсін:

Н. Нұрмұхаммед, Э. Ахметова, Ә. Әбу «а» деңгейінен «в» деңгейіне көшірілсін.

А. Караева, А. Асатилов, М. Қылышбай, Е. Ибрагимов «в» деңгейінен «а» деңгейіне көшірілсін.

Е. Ильяс «в» деңгейінен «с» деңгейіне көшірілсін.

Мектеп директоры:  М. Калменов

Хатшы:  М. Майрихова

№2 Педагогикалық кеңес

Хаттама №2

Жалпы:74

Қатыспағаны:4

08.11.2022 жыл сағат 17:00

Қараша

Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер.

№	Мазмұны	Жауапты
1	Оқу-тәрбие жұмысы бойынша І-тоқсанда атқарылған жұмыстарды қорытындылау және талдау. ІІ-тоқсанда жоспарланған жұмыстар мен міндеттер.	Қ. Молдашов Н. Балғабаева М. Аукенбаева П. Бекжанова
2	Іріктеу олимпиадасының қорытындысы және іріктеуден өткен оқушыны аудандық олимпиадаға дайындық туралы.	Н. Балғабаева
3	Бастауыш сынып оқушыларының 2-4 сыныптары І-тоқсан бойынша жалпы сыныптық бақылау жұмысының сынақ қорытындысы.	М. Аукенбаева
4	Мектеп оқушыларын жұмысқа тартуға тыйым салу және техникалық қауіпсіздікті сақтау туралы.	П. Бекжанова
5	«Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігі және оның оқыту сапасына әсері».	Баяндама Н. Алипбаева
6	Қиын оқушылармен жұмыс жүргізу туралы.	П. Бекжанова
7	Әр түрлі мәселелер.	М. Калменов.

Мектеп директоры:  М. Калменов

Мектеп директоры: М Қалменов жиналысты ашып, күн тәртібімен таныстырды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары **Қ. Молдашов** сөз алды. №11 М. П. Оқороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде жалпы 703 оқушы бар екенін айтты. 1-сыныпта 66 оқушы бар, олар бағаланбайды. 2,4-сыныптар арасында 222 оқушы бар. 5,9-сыныптар арасында 337 оқушы бар. 10,11-сыныптар арасында 78 оқушы бар екенін айтып өтті. Тоқсан бойынша үлгерімнің сандық талдауы (2-4 сынып оқушылары) пәндік талдау бойынша үлгерімі «5» оқушылардың саны 42, үлгерімі «4» пен «5» оқушылардың саны 59, үлгерімі бір ғана «4» оқушылардың саны 6, үлгерімі бір ғана «3» оқушылардың саны 20. Тоқсан бойынша үлгерімнің сандық талдауы (5-9 сынып оқушылары) пәндік талдау бойынша үлгерімі «5» оқушылардың саны 34, үлгерімі бір ғана «4» пен «5» оқушылардың саны 71, үлгерімі бір ғана «4» оқушылардың саны 8, үлгерімі бір ғана «3» оқушылардың саны 16. Тоқсан бойынша үлгерімнің сандық талдауы (10-11 сынып оқушылары) пәндік талдау бойынша үлгерімі «5» оқушылардың саны 10, үлгерімі «4» пен «5» оқушылардың саны 23, үлгерімі бір ғана «4» оқушылардың саны 3, үлгерімі бір ғана «3» оқушылардың саны 4. I-тоқсан бойынша білім сапасы 37,5 %, орта балы 3,87 % екенін айтып өтті. Тоқсандыққа бір «4» шыққан оқушыларды келесі тоқсанда қосымша тапсырма беріп, ескерулерін сұрады. БЖБ мен ТЖБ жиынтық бағалау тапсырмалары бір күнде алынып, бағалары сол күнде қойылуы керек екендігі туралы айтып өтті.

Жарыс сөзгешыққандар:

Ағылшын тілі пәні мұғалімі **Г. Тасболатова** бір «4» мен бір «3» бар оқушылармен жұмысты пән мұғалімдері сынып жетекшімен байланыста болып, сол оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болып, жұмысты жандандыру керек деп, өз пікірін білдірді.

Директордың бейін ісі орынбасары **Н. Балғабаева** сөз алды. 2021-2022 оқу жылында I- тоқсанда атқарылған жұмыстары туралы есеп берді. Ол өз сөзінде 22-қыркүйек «Тіл мерекесі» тойланып, үш тілде өткенін айтты. Сонымен бірге пәндер апталығы «Қазақ тілі ел тірегі» атты апталықтың ашылуы болып өткенін айтып өтті. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес 2-11 сыныптардан бақылау жұмысы алынды. Оның нәтижесі директор алды кеңесте талқыланды. Орыс тілі пәнінен аймақтық семинар болып өтті. Семинарда бес мұғалім сабақ берді, өте жақсы деп бағаланды. 9-сыныптарға ББЖМ кестесі түзіліп, сабақтар дер кезінде өтілді. «Қабілет» жобасы бойынша 5-11 жас балаларға арналған сауалнама алынғанын айтып өтті.

Бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу тәрбие ісі орынбасары **М. Ауқенбаева** сөз алды. Ол өз сөзінде МАД, 1,2,3,4 сыныптар бойынша «1-қыркүйек Білім күніне» тәрбие сағаттар өтілгендігі туралы айтты. «Тілім менің тұғырым» 1-4 сыныптар арасында іс-шара өтілді. Іс-шараны **Ф. Әлібекова**, **Г. Нағашыбаева** өтті. «Тіл жүйрікте кім жүйрік» 3-сыныптар арасында сайыс сабақты **М. Абуова** өткенін айтып өтті. Аудандық 3-10 сыныптар арасында өткізілген «Балалар әлемі» байқауында Қайыржан Амина алғыс хат алғанын, бастауыш сыныптар бойынша пәндік олимпиададан **Ұ. Түзелбаева** II-орын алғанын айтып өтті. Сонымен бірге II-тоқсанда сынып жетекшілер

мен пән мұғалімдері тәрбие сағаттары мен ашық сабақтарды көбірек өтіп, оқушыларды ынталандыру керек деп, өз пікірін білдірді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **П. Бекжанова** сөз алды. 2022-2023 жылы І-тоқсан бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті. «Білім күніне» орай барлық сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өз дәрежесінде өтті. «25-қазан Республика күніне» сынып жетекшілер ашық тәрбие сағаттарын өтті. А. Ерімбетова, Р. Бейсебаева, Ж.Орымбаева, М. Майрихова өз дәрежесінде өткенін айтып өтті. «Әлия» қыздар клубының жетекшісі Ж. Дүйсебаева және Д. Кожухова қыздар жиналысын өз дәрежесінде өтті. «Қыран» клубының жетекшісі Н. Амиров ұлдар жиналысына әкелерін шақыртып өткенін және педагог психолог Ж. Дүйсенова керемет етіп тренинг өткізгенін айтты. Сонымен қатар мектебімізде ауылымыздың бас имамымен кездесу болып, оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа шақыру сабақтарын өткізгенін айтып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың бейін істер бойынша орынбасары: **Н. Балғабаева** сөз алды. Мектебімізде ІІ-сыныптар арасында президенттік олимпиада болып өтті, одан мектепішілік іріктеу олимпиадасы болып өтті. Аудандық кезеңге өткен оқушыны қатыстырып, 5 оқушымыз іріктеу олимпиадасынан өткенін айтып өтті. Мұғалімдер олимпиадасы 28-31 қазан күні ауданда болып өтті.

1.Тасболатова Г-І орын

2.Жассақова Н-ІІ орын

3.Түзелбаева Ұ-ІІ орын

4.Мамитова Л-ІІ орын

5.Тұрлыбаева А-ІІІ орын

Оқушылар олимпиадасынан математика пәнінен А. Мелдехан аудандық олимпиаданың бірінші кезеңінен өтті. Аудандық «Айқанат» олимпиадасы 12 мектеппен бірге ауданның жетекшілігімен жоғары деңгейде өткенін айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бастауыш сыныптар бойынша оқу тәрбие ісі бойынша **М. Ауқенбаева** сөз алды. Қыркүйек айында 2-4 сыныптар арасында қазақ тілі және математика пәнінен бақылау жұмысы алынғанын айтып өтті.

2-4 сыныптар арасында қазақ тілі пәнінен бақылау жұмысы.

Жалпы 2-4 сыныптардан 226 оқушы, жазғаны 218.

2-сыныптар жалпы 64 оқушы, жазғаны 59. 5-11, 4-21, 3-18, 2-8 оқушы.

3-сыныптар жалпы 88 оқушы, жазғаны 85. 5-21, 4-21, 3-24, 2-19 оқушы.

4-сыныптар жалпы 74 оқушы, жазғаны 74. 5-19, 4-21, 3-18, 2-17 оқушы.

Жалпы 2-4 сыныптар 226 оқушы, жазғаны 218. 5-51, 4-63, 3-60, 2-44 оқушы.

2-4 сыныптар арасында математика пәнінен бақылау жұмысы.

Жалпы 2-4 сыныптарда 226 оқушы, жазғаны 218.

2-сыныптар жалпы 88 оқушы, жазғаны 84. 5-16, 4-20, 3-22, 2-6 оқушы.

3-сыныптар жалпы 88 оқушы, жазғаны 84. 5-16, 4-28, 3-16, 2-24 оқушы.

4-сыныптар жалпы 74 оқушы, жазғаны 74. 5-17, 4-22, 3-17, 2-18 оқушы.

Жалпы 2-4 сыныптарда 226 оқушы, жазғаны 218. 5-45, 4-70, 3-55, 2-48 оқушы.

Сөз соңында М. Аукебаева бақылау жұмыстарында төмен баға алған оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұсынды. 0-дік бақылау жұмыстары негізгі пәндер бойынша әр тоқсанда екі рет алу керек екені туралы айтып өтті және алынған бақылау жұмыстардың нәтижесі директор алды кеңесте талқыланып отыруын ұсынды.

4. Төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бекжанова сөз алды. Ол өз сөзінде оқушыларға арналған техникалық қауіпсіздікті сақтау туралы ережелермен таныстырып өтті:

1. Терезе алдында жәшіктерге және басқа заттарға, шатырға мінуіне тыйым салынады.
2. Электр жүйелерін, қосып-айыратын нүктелі жәшіктерді ашуына тыйым салынады.
3. Мектеп мүлкінің, басқыш сатының ұшты бұрыштарына отыруы, асылып тұруы, басқалардың итеруіне тыйым салынады.
4. Шаруашылық заттар қоймасына кіруіне тыйым салынады.

Сонымен қатар ата-аналар сабақ кезінде оқушыларды жұмысқа тартуға тыйым салынатыны жайлы да айтып өтті. Сабақ кезінде оқушы сабақта отыру керек. Оқушы жұмысқа тартылған жағдайда қажетті шаралар көрінетінін ескертіп өтті және сынып жетекшілерге де ескертіп айтты. Оқушы сабақ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайды, мектепте және оның маңайына жарылғыш, жанғыш, сұйық заттарды, пиротехникалық бұйымдарды және уландыратын заттарды әкеліп пайдалануға қатаң тыйым салынатынын айтты.

5. Күн тіртібіндегі бесінші мәселе бойынша химия пәні мұғалімі Н. Алипбаева баяндама оқыды. Тақырыбы: «Оқу мен оқытудағы әдіс-тәсілдердің тиімділігі жіне оның сапасына әсері». Ол өз сөзін «Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса. Үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса» деген халық даналығынан бастады. Кез-келген сабақ өз мақсатына жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін айтып өтті. Сол себепті сабағымызда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай әр түрлі әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану арқылы, оқушылардың өз бетімен білім алуға дағдаландыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздеу керек екенін айтты. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, өз сабақтарымызға кіріктіре отырып, жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдалану керектігін айтып өтті. Әдіс-тәсілдердің түрлері өте көп, солардың ішінен

сабақтарымызға ыңғайластырып, оқушыларға тақырыпты меңгеруге жағдай жасау керек екенін айтты. Жаңашыл, ізденімпаз ұстаздың міндеті-сынып оқушыларының бұрын білмеген басқа қырларынан танытуы мен ортақ белгісін табуға мүмкіндік туғызатын ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру керек екендігін айтты. Мысалы, өткен сабақтағы білімін еске түсіру үшін «Кім тез, кім жылдам?», «Сұрақтарды қағып ал», «Сен маған, мен саған», ақпараттық коммуникациялық технологияларынан «Wordwall» т.б әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын айтып өтті. «Ой бұлты» әдісін жаңа тақырыпты бекіту, үй тапсырмасын сұрау мақсатында тиімді екеніне көз жеткізгендігін айтты. «Стикердегі диалог» әдісі үй тапсырмасын тексеруге, қорытынды сынақ немесе қарапайым ереже сұрауға таптырмас әдіс екенін айтты. Ал, оқушылардың ойын дамыту, айтылым, жазылым бойынша ой-өрісін, сөйлеу, жазу дағдаларын қалыптастыру мақсатында «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің тәсілдерін қолдану көп нәтиже беретіндігін айтты.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімді тұстары:

- 1.Тұлғаның пәнге деген қызығушылығын оятады.
- 2.Тұлғаның танымдық қабілеттілігі орнайды.
- 3.Тұлғаны шығармашылық жұмысқа баулиды.
- 4.Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады.
- 5.Мұғалімнің уақытын үнемдейді.
- 6.Қосымша мағлұматтар береді.

Мұғалімдер әр сабағында тиімді әдіс-тәсілдерді жас ерекшеліктеріне қарай қолдануды ұсынды. Сөз соңында «Ұлы мұғалім шабыттандырады», -деп Уиль Уорд айтқандай, әрбір жаңашыл мұғалім өзінің шығармашылық әрекетінде дәстүрлі стильден алшақтап, үнемі жаңашыл идеялар жетегінде жүрсе, білім сапасының жақсаратыны сөзсіз деп аяқтады.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **П. Бекжанова** сөз алды. Ол қиын оқушылармен қалай жұмыс жүргізгендігі туралы баяндады. Баланың бас ұстазы ата-ана екендігін айтып өтті. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі орны ерекше. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар тарапынан жасөспірімдерді тәрбиелеуде жіберілетін қателіктер байқалатынын айтты. Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы-отбасында қолайлы қарым-қатынас орнату. Мектепте оқудан тыс уақытта оқушының тандауына сәйкес келетін, олардың қабілеті мен ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді ұйымдастырғанын айтып өтті. Сонымен қатар педагог психолог **Ж. Дүйсенова** және **Ұ. Күлтаева** тәрбиесі қиын оқушылармен жұмыстар жүргізгенін және нәтиже беріп жатқанын айтып өтті. Аутодеструктивті мінез-құлқын алу бойынша 707 оқушыдан 88 оқушы «Тәуекел» тобына енген. Тәуекел тобына енген оқушылардың барлығына психологиялық паспорттары жасақталған. Сынып жетекшілері таныстырылған. Бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қызығушылықтарына қарай

үйірмелерге тартылған, ай сайын жеке кеңестер беріп, психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілуде екенін айтты.

7. Күн тәртібіндегі жетінші әртүрлі мәселелер бойынша мектеп директоры **М. Калменов** сөз алды. 5-ші сыныптарды ауданның рұқсатымен және инновация әдіскері **С. Рысымбетованың** жетекшілігімен әр мектепке эксперимент жүргізуді тапсырды. Сол мақсатта біз биылғы оқу жылында тек 5-ші сыныптарды бөліп оқытудан бастап отырмыз. 5-ші сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер сабақ беретін өз сыныптарында қалғанын және күнделікті сабақ жоспарын үш түрлі деңгейде өтетінін айтты.

Жарыс сөзге шыққандар:

Тарих пәні мұғалімі **Р. Бейсебаева** осы тәжірибені іске асырудың тиімді екенін айтты. ҚМЖ әр сыныптың деңгейлеріне байланысты жазылу керек деп, өз пікірін білдірді.

Директордың бейін ісі орынбысыры **Н. Балғабаева** оқушыларды деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік беретінін айтып, бұл шешімді қолдады.

Директордың оқу ісі орынбасары **Қ. Модашов** оқушыларды деңгейіне қарай бөліп оқыту арқылы оқушының қабілеті, ақылы, біліктілігі, сөздік қоры жетілетінін айтты. Әр деңгейлік тапсырманы орындаған сайын оқушы жақсы талпынады деп, өз пікірін айтып өтті.

Орыс тілі пәні мұғалімі **З. Абенова** деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік беретінін айтты.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі **Г. Тасболатова** оқушыларды деңгейіне қарай бөліп оқыту оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алатынын айтты. Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасатынын айтты және бұл шешімді қолдады.

Педагогикалық кеңес шешім етеді:

Бірінші мәселе бойынша І-тоқсандағы оқу тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстардың талдау қорытындысы қанағаттанарлы деп есептелсін. Оқу тәрбие жұмыстары жандандырылсын.

Екінші мәселе бойынша Іріктеу олимпиадасының қорытындысы және іріктеуден өткен оқушыны аудандық олимпиадаға дайындық туралы жұмыстары жандандырылсын.

Үшінші мәселе бойынша Бастауыш сынып оқушыларының 2-4 сыныптары І-тоқсан бойынша жалпы сыныптық бақылау жұмысының қорытындысы қанағаттанарлы деп есептеліп, төмен баға алған оқушылармен жұмыс жүргізілсін.

Төртінші мәселе бойынша Мектеп оқушыларын жұмысқа тартуға тыйым салынсын және техникалық қауіпсіздік сақталсын.

Бесінші мәселе бойынша «Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігі және оның оқыту сапасына әсері» атты Н. Алипбаеваның баяндамасы талқыланып, аудандық озат тәжірибесі таратылсын.

Алтыншы мәселе бойынша Қиын оқушылармен жұмыс жүргізу дұрыс жолға қойылып, жандандырылсын.

Жетінші мәселе бойынша 5-ші сынып оқушылары деңгейлеріне байланысты үш топқа бөлініп оқытылсын. Сабақтарына ену қалыпты жағдайда қадағалансын. Әр тоқсанда 0-дік бақылау жұмыстары алынсын. Олардың жұмыстары директор алды жиналысында талқылансын.

Мектеп директоры:  **М. Калменов**

Хатшы:  **М. Майрихова**

№11 М.П. Окорокоев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық кеңес

Хаттама №4

Барлығы: 75

Қатысқандар: 71

31.03.2023 ж

Күн тәртібінде:

№	Мазмұны	Жауапты
1	Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.	М. Калменов
2	Математика пәнінің мұғалімі Б. Баядилова кәсіби шығармашылығының есебі.	Б. Баядилова
3	8-11 сыныптардың тарих пәнінің өтілу барысы, білім сапасын зерделеу.	Р. Бейсебаева Н. Жассақова
4	3-тоқсанның қорытындысы. Білім сапасы.	Қ. Молдашов М. Аукенбаева
5	4-8 сыныптардың TIMS-қа дайындауда мұғалімдердің есебі.	Қ. Молдашов
6	Үйде оқытылатын оқушылардың сабақ өтілуін зерделеу.	М. Аукенбаева Қ. Молдашов
7	Алтын белгі. Үздік аттестатқа үміткерлерді анықтау.	Қ. Молдашов
8	Пән олимпиадасының қорытындысы.	Н. Балғабаева
9	Әр түрлі мәселелер.	М. Калменов

Мектеп директоры:

М. Калменов

Педагогикалық кеңесті мектеп директоры М. Калменов күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, ашып берді.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры М. Калменов сөз алып, өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің барлығы дерлік орындалғандығы туралы мәлімет берді. Сөз кезегі математика пәні мұғалімі Б. Баядиловаға берілді.

2. Күн тіртібіндегі екінші мәселе бойынша математика пәні мұғалімі Б. Баядилова сөз алды. Ол 5-11 сыныптар аралығындағы математика пәнін зерттеу жұмыстарының барысындағы шығармашылық топ мүшесі рефлексивтік есебін берді. Қараша айында нысаналы 6 «б» сыныпты анықтағандарын, ондағы мақсат оқушылардың білім деңгейін көтеру үшін информатика пәні мұғалімі М. Елемесова сабақ өткенін мәлімдеді.

М. Елемесова мектеп жағдайында 6 «б» сыныбындағы сабақтарда баланың іс-әрекетін зерттеуде «Lesson Study» әдісін қолданып, оқушының ынталануы мен қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдістерді қолданып, оқыту сапасын арттыру қажет екені айтылды.

1-ші сабағын «Мәліметтер типтері» тақырыбында өткенін, 2-ші сабағын «Мәліметтер типін жіктеу» тақырыбында өткенін айтып өтті. М. Елемесова сабағында «Таза тақта», «Каспий голд», «Банкомат», «Бұзық телефон», «Бағдаршам» әдістерін пайдаланғанын айтып, оқушылардың қызығушылығы артты деп, өз пікірін білдірді. Сонымен бірге оқулықпен, компьютермен жұмыс болғанын, 1-ші сабақтан кейін мұғалімнің мотивациясы кішкене жоғарылағанын айтып өтті.

Ұсыныс: Б. Баядилова информатика пәні мұғалімі М. Елемесоваға теориялық білімі мен практикалық білімін ұштастыруды ұсынды.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тарих пәні мұғалімі Р. Бейсебаева сөз алды. Р. Бейсебаева ақпан айынан бастап зерттеу сабақтарын бастағанын мәлімдеді. Нысаналы сынып ретінде 8 «а» сыныбын таңдағанын айтып өтті. Пән мұғалімі С. Сулейменова. 8 «а» сыныбында оқушы саны -28. 1-ші сабағының тақырыбы «Қазақстандағы ұйымдастыру». Бірінші сабағында мұғалімде де, оқушыларда да қобалжу болғанын айтты..

Сабақ барысын талқылып, мұғалімге өз ұсыныстары мен сын ескертпелерін айтқанын мәлімдеді. 2-сабағының тақырыбы: «Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов». Бірінші сабаққа қарағанда екінші сабағында оқушылар төселгенін, сабаққа белсене қатысқанын айтып өтті. Сабақты «Сандар сөйлейді» әдісі арқылы ашқанын, бағалау болғанын, оқушыларға тапсырма берілгенін мәлімдеді. Мұғалім қосымша кітаптар алып келіп, оқулықта жоқ мәліметтермен таныстырып өткенін де айта кетті. Сөз соңында сабағы жақсы өтілді деп, өз пікірін білдірді. Алдағы күндері нысаналы сынып ретінде 8 «а» сыныбын тағы да алып отырғанын және тарих пәні мұғалімі Н. Жассақованың сабақтарына кіріп, зерттейтінін мәлімдеді.

4. Күн тіртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың оқу-ісі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. Қ. Молдашов бірінші тоқсанның қорытындысымен таныстырып өтті.

№	Сыныбы	Білім сапасы %	Үлгерім сапасы %	Орташа балл %
1	2 «а»	53	100	4,06
2	2 «ә»	52	100	4,06
3	2 «б»	65	100	4,13
4	3 «а»	55	100	4,03
5	3 «ә»	43	100	3,89
6	3 «б»	52	100	3,88
7	3 «в»	48	100	4,04
8	4 «а»	48	100	4,04
9	4 «ә»	40	100	3,81
10	4 «б»	46	100	3,99
11	5 «а»	85	100	4,68
12	5 «ә»	57	100	4,05
13	5 «б»	4	100	3,44
14	6 «а»	37	100	3,96
15	6 «ә»	50	100	4,05
16	6 «б»	36	100	3,83
17	7 «а»	35	100	3,81
18	7 «ә»	44	100	3,98
19	7 «б»	19	100	3,81
20	8 «а»	21	100	3,75
21	8 «ә»	30	100	3,79
22	9 «а»	45	100	3,94
23	9 «ә»	35	100	3,78
24	9 «б»	29	100	3,81
25	10 «а»	45	100	3,97
26	10 «ә»	41	100	4,04

27	11 «а»	35	100	3,84
28	11 «ә»	40	100	4,05

Қ. Молдашов 2 «ә», 3 «в», 4 «а», 4 «б», 7 «ә», 7 «б», 8 «а», 9 «б», 10 «а», 10 «ә», 11 «ә» сыныптарының білім сапасы төмендегенін айтып, сынып жетекшілерден себебін сұрады. Сынып жетекшілер кейбір оқушылардың бір пәннен «4» немесе бір пәннен «3» бағасын алып қалуына байланысты деп жауап берді.

Ұсыныс: Қ. Молдашов пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне бір «4» немесе бір «3» алған оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізіп, тапсырма беріп, білім сапасын жоғарылатуды ұсынды.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу-ісі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. Ол өз сөзінде облыстан келген TIMS-тің қорытындысы туралы мәлімдеді. Жалпы тандалған 23 мектептің көрсеткішін жібергенін айтып мәлімдеді.

4 «б» сыныбының сынып жетекшісі Ж. Наурызова TIMS бойынша жақсы жұмыс жүргізіп жатқандығы туралы мәлімет берді. Аудан бойынша үш мектеп 20-шы орында тұрғанын, кейбір пән мұғалімдері оқушыларға тапсырма беріп, оны уақытында оқушыларға орындатпағаны себепті пайыз көтерілмей тұрғанын да жасырмады. Сонымен қатар осы аптада оқушылар дайындық тестін тапсыратынын, нақты көрсеткішті тағы да хабарлайтынын айтып өтті.

Ұсыныс: Қ. Молдашов пән мұғалімдері уақытында оқушыларға тапсырмаларды орындатып, үй тапсырмасын тексеріп отыруын ұсынды. Дайындық жұмысын тиянақты жүргізіп, оқушының басында қадағалау керектігін айтты. Сонда нәтиже болады деп, өз пікірін білдірді.

Жарыс сөзге шыққандар: 8 «ә» сынып жетекшісі Д. Кожухова оқушыларды, пән мұғалімдері қадағалап отырғанын айтып өтті.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша директордың бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Аукенбаева сөз алды. Ол өз сөзінде үйде оқытылатын төрт оқушының бар екенін мәлімдеді. Былтырғы оқу жылынды үйде оқитын оқушыларды мектепке тартқанын айтып, ол заңсыз болып есептелетінін айтып өтті. Үйде оқитын оқушы мектепке келуі үшін ата-ананың келісімімен, натариустан өтіп келу керек

екендігін ескертті. Сонымен қатар сәуір айында білім бөлімінен тексеру келетінін, үйде оқитын баламен және ата-анамен сұхбат жасайтынын айтып өтті. Баланың оқып жатқан жерін(бөлмесі, оқулықтары, партасы, тақтасы т.б), құжаттарын тексеретінін хабардар етті. Сәуір айының 6-на мектеп психологтары үйде оқитын оқушыларды алып, ПМПК-дан өтуге баратынын хабарлады. Сонымен қатар мектебімізге логопед, ассистент, дефектолог мамандары қажет екенін мәлімдеді.

Жарыс сөзге шыққан мектеп директоры М. Калменов әлеуметтік педагог А. Ерімбетоваға үйде оқитын оқушылардың үйіне барып, барлық жабдықтардың түгел немесе түгел емес екендігін тексеруді тапсырды.

Ұсыныс: Мектеп директоры М. Калменов сынып жетекшілер мен психолог мамандарға үйде оқытылатын оқушыларға қойылатын талаптар бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ. Молдашов сөз алды. Қ. Молдашов 11-сынып - тардың арасында «Алтын белгі», «Үздік аттестат» алуға үміткерлерлердің тізімімен таныстырып өтті.

11-сыныптар бойынша «Алтын белгі» алуға үміткерлердің тізімі:

1. Усенова Аңсаған Азаматқызы

11-сыныптар бойынша жалпы орта білім туралы «Үздік аттестат» алуға үміткерлердің тізімі:

1. Құттымұрат Мадина Мұзрапшақызы
2. Азретали Сымбат Жумадилияқызы
3. Дүйсембиев Мейрамбек Даниярұлы

9-сыныптар бойынша негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» алатын үміткерлердің тізімі:

- 1.Жаксанов Жеңіс Бекжанұлы
- 2.Ибрагимов Сейман Яшаоглы
- 3.Мырзалы Еркебұлан Ералыұлы
- 4.Тайымбай Ораскүл Бақытжанқызы
- 5.Құдайберген Жайна Мадиярқызы

8. Күн тәрттібіндегі сегізінші мәселе бойынша директордың бейін ісі орынбасары Н. Балғабаева сөз алды. Пән олимпиадасының қорытындысы туралы мәлімдеме жасады. Ол өз сөзінде биылғы пән олимпиадасына мұғалімдер де, оқушылар да ат салысып, жақсы көрсеткіш көрсеткенін айтып өтті. Аудандық олимпиадаға 18 оқушының барғанын, оның ішінде 6 оқушы жүлделі орындарға ие болғанын айта келе, жүлдегерлермен таныстырып өтті.

1. Тарих пәнінен Д. Әріпбай 2-орын. Пән мұғалімі: Р. Бейсебаева.

2. География пәнінен Б. Мүсірәлі 3-орын. Пән мұғалімі: Ш. Мамырова.

3. География пәнінен А. Мелдехан 3-орын. Пән мұғалімі: Л. Мамитова.

4. Ағылшын тілі пәнінен С. Онгарбекова 3-орын. Пән мұғалімі: Г. Тасболатова.

5. Математика пәні бойынша А. Абдырахым 2-орын. Пән мұғалімі: Б. Мададов.

6. Құқық пәні бойынша Д. Мүсірәлі 1-орын. Пән мұғалімі: С. Сулейменова.

7. Құқық пәні бойынша М. Еркебұлан 3-орын. Пән мұғалімі: М. Калменов.

7-8 сыныптар арасында өткен олимпиададан жүлделі орын алған оқушыларды да мәлімдеді.

1. Математика пәні бойынша М. Алимкул 2-орын. Пән мұғалімі: П. Жарқынбекова.

2. Химия пәні бойынша Г. Абдували 2-орын. Пән мұғалімі: Н. Алипбаева.

Сонымен қатар мұғалімдер олимпиадасының жүлделі орындарға ие болған пән мұғалімдерін айтып өтті.

1. Ағылшын тілі мұғалімі Г. Тасболатова ауданнан 1-орын, облыстан 1-орын иеленді.

2. Тарих пәні мұғалімі Р. Бейсебаева «Интерес белсенді сабақ» сайысынан 1-орын иеленді.

3. Математика пән мұғалімі Ж. Жарқынбекова 3-орын иеленді.

4. Орыс тілі пәні мұғалімі Ш. Ботабекова 3-орын иеленді.

Гуманитар бағыты бойынша қазақ тілі пәндерінен жетістіктер өкінішке орай жеткіліксіз екенін де ашып айтты.

Сонымен қатар мектебімізде 8-сыныптар бойынша «Айқанат» олимпиадасы болып өтті. Бұл олимпиадаға 21 оқушыны тіркеп, соның ішінде 8 оқушы облыстық кезеңге өткенін мәлімдеді.

7-сәуір күні болатын «Мың бала» олимпиадасына 54 оқушы тіркелгенін хабарлады. Сынып жетекшілерге оқушыларға ескертіп, дайындық жұмысын жүргізіңдер деп тапсырма берді. Бұл олимпиада жаратылыстану бағыты бойынша болатынын да айтып кетті.

Жарыс сөзге шыққандар: Директордың оқу ісі орынбасары Қ. Молдашов қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің және оқушыларының жетістіктері жеткіліксіз болуына байланысты, жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

9. Күн тіртібіндегі тоғызыншы түрлі мәселелер бойынша мектеп директоры М. Калменов сөз алып, олимпиадалардан және байқаулардан жүлделі орындарға ие болған пән мұғалімдерін құттықтап, мадақтамалар мен құрмет грамоталарын тапсырды. Жиналысты қорытындылаған мектеп басшысы күн тәртібі бойынша қаралған мәселелерді дауысқа сала отырып, шешім қабылдады. .

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлы деп есептелсін.
2. Математика пәнінің мұғалімі Б. Баядилованың кәсіби шығармашылық есебі ұсыныс пікірлерін негізге ала отырып қанағаттанарлы деп есептелсін.
3. 8-11 сыныптардың тарих пәнінің өтілу барысы, білім сапасын зерделеу.
4. 3-тоқсанның қорытындысы бойынша қол жеткізген білім сапасының деңгейі қанағаттанарлы деп есептелсін. Алдағы уақытта тоқсандық қорытындыда бір піннен төрттік немесе үштік баға алған оқушылармен жұмыс барысын жандандыру пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

5. 4-8 сыныптардың TIMS-қа дайындауда мұғалімдердің есебі қанағаттанарлы деп есептелсін. Алайда алдағы болатын халықаралық TIMS байқауына оқушыларды дайындау барысын күшейту пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

6. Үйде оқытылатын оқушылардың сабақ өтілуін зерделеу қорытындысы қанағаттанарлы деп есептелсін. Үйде оқытылатын оқушылар үшін қойылатын талаптарды орындау тиісті мамандар арқылы орындату М Әукенбаеваға жүктелсін .

7. Алтын белгіге үміткер ретінде аудандық білім бөліміне Үсенова Аңсаған Азаматқызы, ал үздік аттестатқа үміткерлер ретінде:

1. Құттымұрат Мадина Мұзрапшақызы

2. Азретали Сымбат Жумадилляқызы

3. Дүйсембиев Мейрамбек Даниярұлы

9-сыныптар бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа үміткерлер ретінде:

1. Жақсанов Жеңіс Бекжанұлы

2. Ибрагимов Сейман Яшаоглы

3. Мырзалы Еркебұлан Ералыұлы

4. Тайымбай Ораскүл Бақытжанқызы

5. Құдайберген Жайна Мадиярқызы

Ұсынылсын.

8. Пәндер олимпиадасы бойынша Н. Балғабаеваның берген есебіндегі жетістіктер жақсы деп есептелсін. Дегенмен пән олимпиадасында өз деңгейінде көрсеткіш көрсете алмаған бірлестік жетекшілеріне жұмыс барысын жандандыру, оқушыларды дайындау іс-шараларын іске асыру міндеттері тапсырылсын.

бмм

Мектеп директоры:  **М. Калменов**

Хатшы:  **М. Майрихова**

№11 М. П. Окорокоев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық кеңес

Хаттама №5

Барлығы: 75

Қатысқандар: 71

31.06.2023 ж

Күн тәртібінде:

№	Мазмұны	Жауапты
1	Жаңартылған білім беру аясында бірлескен оқуды қолдану нәтижесі.	Н. Балғабаева
2	2022-2023 оқу жылынды атқарылған жұмыстарға талдау және алдағы міндеттер: А)оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша Ә)жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша оқу тәрбие жұмыстары бойынша талдау және алдағы міндеттері.	П. Бекжанова М. Ауқенбаева
3	IV тоқсандағы және жылдық оқушылардың білім сапасының мониторингі.	Қ. Молдашов
4	1-4 сынып оқушыларын аралық аттестаттауға жіберу туралы.	Қ. Молдашов М. Ауқенбаева
5	5,8,10-оқушыларын аттестаттауға және 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестатттауға жіберу туралы.	Қ. Молдашов
6	Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің 1-жылдық бойы атқарылған жұмыстарының есебі.	ӘБ жетекшілері
7	Әр түрлі мәселелер.	М. Калменов

Мектеп директоры:

М.Калменов

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңесті мектеп директоры М. Калменов күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, ашып берді.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың бейін ісі орынбасары **Н. Балғабаева** сөз алды. Ол жаңартылған білім беру аясында оқуды қолдану нәтижесімен таныстырып өтті. 2015 жылдан бастап барлық пән мұғалімдері жаңартылған білім беру аясында оқуды қолдануға көшті. Көптеген мұғалімдер деңгейлеп оқыту бойынша білімдерін жетілдіріп, нәтижесінде шебер, зерттеуші мұғалімдер 2017 жылдан бастап коучингтер өтіп келуде. Барлық мұғалімдер жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқып, сертификаттарын алды. Жаңартылған білім беру аясында оқушылар топтық және жұптық жұмыс, әдіс-тәсілдері арқылы жұмыстар жасауда. Критериалды бағалау әдісі бойынша, әр айда жас мамандар мен орта буын мұғалімдері шебер және зерттеуші мұғалімдерімен біргелікте коучинг сабақтар жүргізіп отырды. Lesson study-ді зерттеу бойынша 5-сыныптарды А, В, С деңгейге бөліп зерттеуге қойдық. 5-сыныптарды деңгейге бөлудің нәтижесі бойынша деңгейі төмен оқушымен де жеке жұмыс атқарылғанын олардың алға қарай ілгерілегенін айтып өтті. Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылында керемет жетістіктерге жеттік деп, мәлімдеді. Апталықтардың барлығы өз дәрежесінде өтілді. Аудандық олимпиададан 24 оқушы, мұғалімдер олимпиадасынан 15 мұғалім, облыстық олимпиададан 2 оқушы, республикалық олимпиададан 7 оқушы жетекшісімен бірге жүлделі орындарға ие болғандығын мәлімдеді. Өкінішке орай халықаралық олимпиадаға оқушыларымыздың шықпағанын, 2023-2024 оқу жылынан үміт күтетінін айтып өтті. Жетекші мектептер арасында семинар сабақтар, олимпиадалар жүргізіліп отырғаны жөнінде де мәлімдеме жасады. Қорыта айтқанда, өткен оқу жылындағы жаңартылған білім беру аясында жүргізілген жұмыстарға, толық қанағаттанарлық баға беруге болатындығын айтып өтті.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **П. Бекжанова** сөз алды. П. Бекжанова 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстарға талдау жасап, атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті.

Мектепте 5-11 сыныптар аралығында 18 сынып комплектісі бар екенін мәлімдеді. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында

мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарылғанын айтты. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарды қамтитын бес семинар өту жоспарланып, өтілгенін баяндады.

- Тәрбие жұмысын жоспарлау
- Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі
- Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі
- Жалпы құқықтық білім беру жұмысы
- Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру

Мектептің, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастықтың бірлескен қызметін жоспарлап, ата-аналармен жергілікті қоғамдастықты оқу сапасын, баланың қауіпсіздігін қадағалау мақсатында ата-аналарға педагогикалық лекторий 5-11 сыныптардың мұғалімдері тарапынан «Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр», «Менің жанұям», «Байлықтың атасы еңбек» атты тақырыптарында лекциялар оқылғанын айтып өтті..

«Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында мектеп ата-аналары арасында жиналыс өткізіліп, жиналысқа 80 ата-ана қатысып, ата-аналарының комитетінің төрағасы Е. Олжабаев «Бала тәрбиесі жауапті іс», мектеп психологы Ұ. Күлтаева «Жанұя-шағын ұжым» атты баяндамаларын оқыды, ата-аналар өз ойларын ортаға салды деп есеп берді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік өткізілді. 5-8 сыныптарда «Өмірдің қауіпті өткелдері және оны жолдары» атты сынып сағаттары өткізілді. 9-11 сыныптарда «Зорлықсыз әлемді бірге құрайық!» сынып сағаттары өткізілді. Кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлесе отырып әңгімелер жүргізіп, хаттамалары тіркелген. 10-11 сыныптар арасында Сарыағаш АІБ-нің ӘІБ-нің инспекторы полиция аға лейтенанты А. Джекебаев қатысуымен «Өз құқығыңды білесің бе?», «Жасөспірім қылмыскер қайдан шығады?» деген тақырыптарда семинар өтілгенін мәлімдеді. Мектебімізде төмендегідей психологиялық жұмыс әдістері жүргізілгенін айтып, атап өтті:

- Баланың мектепке даярлығын анықтау,
- Орта буын оқушыларымен зерттеу жұмыстары.
- Суицидтің алдын-алу шаралары.

Жалпы сынып жетекшілер 2022-2023 оқу жылында түзілген жоспарға сай ашық тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс сабақтарын өткізіп отырды. Ата-анамен тығыз қарым-қатыныста болды. Ата-аналар жиналысы дер кезінде

жоспарға сай өтіліп отырды. Форма кию, кешігуші оқушылармен жұмыс өз кезінде түзетіліп отырды деп баяндады.

Ұсыныс:

- 2023-2024 оқу жылында ата-аналар жиналысын жиі ұйымдастыру.
- Отбасындағы тәрбие жағдайын зерттеу.
- Оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасына әсер ету.
- Жеке оқушылармен жұмыс жүргізу.
- Сынып жиналыстары мен сынып сағаттарын жиі ұйымдастыру.
- Оқушылардың сабаққа қатысуын қатаң бақылау.
- Оқуға жағымды ықпал ететін жағдай туғызу.
- Оқушы күнделігімен жұмыс жүргізу.
- Рухани-адамгершілік тәрбиесін ұйымдастыру.
- Оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.
- Еңбек жағдыларын қалыптастыру және еңбекке жауапкершілігін қалыптастыру деп өз ұсынысын мәлімдеді.

Келесі сөзді директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі орынбасары **М. Аукенбаева** сөз алды. М. Аукенбаева 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстарға талдау жасап, атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті.

МАД тобымен үйде оқытуды қоспағанда бастауышта жалпы 362 сағат бар. Үйде оқыту-14 сағат. Орыс тілі, ағылшын тілі, информатика, үйде оқытудың 5 сағатын бастауыш пән мұғалімдері сабақ бермейді. Жалпы 362 сағаттың 105 сағатын орыс тілі, ағылшын тілі, информатика пән мұғалімдері береді.

Жалпы бастауыш мұғалімдерінде үйде оқытумен қосқанда 257 сағат бар.

Орыс тілі-40 сағат

Ағылшын тілі-40сағат

Информатика-20 сағат

Үйде оқыту-14 сағат

Жалпы бастауыш сыныптарында 17 мұғалім жұмыс жасайды, 5 мұғалім бала күтімімен отыр. Қазіргі таңда 257 сағатты 15 мұғалім 17 сағаттан бөлісіп жұмыс жасап жатқанжығын мәлімдеді.

Бала күтімімен отырған мұғалімдер:

1. Ж. Райымбек

2. Ж. Жоланова

3. М. Таласова

4. Г. Исмаилова

5. Қ. Құралова

Келесі оқу жылында бастауыш сынып мұғалімдеріне сағат жетпейтінін де ескертті. Жалпы 257 сағатты бала күтіміндегі мұғалімдерді қосып 22 мұғалімге шашқанда 11,6 сағаттан бөлінетін мәлімдеді.

2023-2024 оқу жылында 1-сыныпқа 52 оқушы қабылданды. Қазіргі таңда бастауыш сыныпты мына төмендегі көрсеткіш бойынша оқушылар бітіріп жатыр;

1-сынып 68 оқушы.

2-сынып 61 оқушы.

3-сынып 87 оқушы.

4-сынып 74 оқушы.

Жалпы 281 оқушы. МАД тобында 52 оқушы.

«Үздіктер»-85 оқушы

«Екпінділер»-120 оқушы

«Үлгеруші»-76 оқушы

Сонымен қатар М. Аукенбаева 2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдердің жетістіктерімен де таныстырып өтті.

Ұ. Байтілесов, А. Даригозова оқушыларға жетекші ретінде ауданнан марапатталды.

Ф. Әлібек ауданнан жас мамандар арасында эссе жазудан марапатталды.

М. Абуова педагогикалық идеялар фестивалынен, ауданнан мұғалімдер олимпиадасынан II орын алғаны үшін марапатталды.

2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері:

1.3 «а» сынып оқушысы Ж. Рахматулла «Алтын сақа» олимпиадасына қатысып, II орынды иеленді.

2.2 «ә» сынып оқушысы Темурұлы Диас қазақ тілі пәнінен аудандық олимпиадаға қатысып, II орын иеленді.

3.3 «б» сынып оқушысы З. Орынбасар «Алтын сақа» олимпиадасына қатысып, II орын иеленді.

4. 4 «в» сынып оқушысы А. Қайыржан эссе жазудан аудандық олимпиадаға қатысып, «Алғыс хатпен» марапатталды.

5. 3 «в» сынып оқушысы А. Құрбанәлі «Алтын сақа» олимпиадасына қатысып, I-орын иеленді.

6. 2 «б» Е. Адилбек математика пәнінен ауданнан аудандық олимпиадаға қатысып, III-орынды иеленді.

7. 3 «в» сынып оқушысы А. Құрбанәлі «Мағжан» сайысынан I орын иеленді.

Қорыта айтқанда бастауыш сынып мұғалімдерінің 2022-2023 жылғы атқарған жұмыстарын толық қанағаттанарлы деп айтуға негіз бер деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары **Қ. Молдашов** сөз алды. Қ. Молдашов IV тоқсандағы және жылдық оқушылардың білім сапасының мониторингі туралы есеп берді. Ол электрондық журналды мұғалімдердің уақытылы баға қорытпауына байланысты жылдық қорытынды есебімізді шығара алмай тұрғанымыз деп сөзін сабақтады.

2 «б» сыныбы ағылшын тілінен Г. Тасболатова қорытпаған.

3 «а» сыныбы математика пәнінен А. Даригозова қорытпаған.

4 «ә» сыныбы үйде оқыту Ұ. Түзелбаева, орыс тілінен З. Абенова қорытпаған.

5 «ә» сыныбы математика пәнінен А. Мұсаханова, ағылшын тілінен Г. Тасболатова қорытпаған.

6 «ә» сыныбы орыс тілі пәнінен З. Абенова қорытпаған.

6 «а» сыныбы үйде оқыту орыс тілі пәнінен З. Абенова қорытпаған.

7 «а» сыныбы математика, геометрия пәндерінен А. Мұсаханова қорытпаған.

8 «а», «ә» сыныптарында қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихынан С. Сүлейменова қорытпаған.

9 «ә» сыныбы алгебра, геометрия пәндерінен А. Мұсаханова қорытпаған.

9 «а» сыныбы үйде оқыту қазақстан тарихы С. Сүлейменова, орыс тілі пәнінен З. Абенова қорытпаған.

10 «ә» сыныбы Н. Алипбаева химия пәнінен қорытпаған.

10 «а», «ә» сыныптарында Г. Тасболатова мен С. Ахметова қорытпаған.

Қ. Молдашов дер кезінде өз пәндері бойынша баға қорытпаған мұғалімдерге заң аясында қандайда да бір шара көрілсе деп өз пікірін білдірді. Себебі білім сапасын шығара алмай отырғандығын, сонымен қатар мониторингті де шығара алмай отырғандығын мәлімдеді. Оқуға кеткен З. Абенова мен декреттік демалысқа кеткен С. Ахметованың орнына уақытша сабақ беріп жатқан мұғалімдер тоқсандықты қорытсын деп, тапсырма берді. Тоқсандықты қорытпаған мұғалімдер тез арада қорытып, аяқтау керек екенін ескертті. Шамалап айтқанда білім сапасы 42 % болады деп есептеп отырмыз деп мәлімдеді. Бұл көрсеткіш 2022-2023 оқу жылының қорытындысы толық қанағаттанарлы деп айтуға болатындығын көсетіп тұр деп мәлімдеді.

«Үздіктер»- 100 оқушы

«Екпінділер»-160 оқушы

«Үлгерушілер»-374 оқушы

Мектеп директоры М.Қалменов оқу ісі жөніндегі орынбасар Қ.Молдашевтің мәлімдемесі бойынша баға қорытпаған жоғарыда аттары аталған мұғалімдер не дейсіздер кімде қандай үәж бар. Жоқ әлде Қ.Молдашевтің айтып отырған есебімен келісесіздер ме деді. Мұғалімдер

үн қатпады. Олай болатын болса аттары аталған мұғалімдердің барлығына ауызша ескерту берілсін, бұдан кейін осы жағдай қайталанар болса қатан сөгіс беретінімді ескертемін деп сөзін аяқтады.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектеп директоры М.Қалменов 1-4 сынып жетекшілерінен сыныптан сыныпқа көшіру туралы есебін сұрады.

1 «а» сынып оқушыларысыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ш. Нәлтаева.

1 «ә» сынып оқушыларысыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі О. Чинибекова.

1 «б» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі . Жетекшісі Ж. Шойынбаева.

2 «а» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі А. Сламбекова.

2 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Х. Оразбаева. Бұл сыныпта М. Ибрагимовтың көзінде ақауы бар. Ата-анасы үйде оқытуға өткізе алмай жатқанын мәлімдеді.

2 «б» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ф. Әлібекова.

3 «а» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі А. Даригозова. Бұл сыныптағы Д. Сүйінбай үлгерімі төмен оқушы екенін онымен көбірек қосымша жұмыстар жүргізу керек екенін мәлімдеді.

3 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Г. Есембаева. Толықтыру керек

3 «б» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ұ. Байтілесова. Бұл сыныпта Е. Балғабай үлгерімі төмен оқушы.

4 «а сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі А. Қожахметова. Бұл сыныпта М. Нұрғали, Т. Қылышбайдың көзінде ақауы бар деді. Мектеп директоры; арнайы дәрігерге көрсету барысында ата-анамен жұмыс жасау керек екенін сынып жетекшісіне жүктеді.

4 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ұ. Түзелбаева.

4 «б» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ж. Наурызова.

Мектеп директоры М. Калменов күн тәртібіндегі 4- мәселе бойынша кімде қандай ұсыныс бар деп пед кеңес мүшелеріне сұрақ қойды. Елқандай сұрақ пікір болмайтын болса денсаулығында ақауы бар және үлгермеуші оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болып, арнайы медициналық комиссиядан өтулеріне ықпал жасауларын үлгермеуші оқушылармен қосымша сабақтар жүргізіп отыруды тапсырды. Аталған оқушылар үнемі мектеп әкімшілігінің бақылауында болатындығын ескертті.

Келесі кезекте 5-8,10 сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіруге, ал 9-11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы сынып жетекшілерінен мәлімет алынды.

5 «а» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі А. Тұрлыбаева.

5 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі А. Уралбаева.

5 «б» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ұ. Отарова.

6 «а» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ж. Қуаныш.

6 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі М. Майрихова. Бұл сыныпта О. Балғабай, А. Мурсалов, П. Ақмұрза үлгерімі төмен оқушылар.

6 «б» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Қ. Абламатқызы.

7 «а» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ж. Дүйсенова. Бұл сыныпта Е. Қамбардың денсаулығында ақауы бар (басында).

7 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Б. Мауленбаева.

7 «б» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі А. Ерімбетова.

8 «а» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі С. Сулейменова.

8 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Д. Кожухова.

9 «а» сынып оқушылары емтиханға жіберіледі. Жетекшісі Ш. Ботабекова.

9 «ә» сынып оқушылары емтиханға жіберіледі. Жетекшісі А. Жүзбаева.

9 «б» сынып оқушылары емтиханға жіберіледі. Жетекшісі Э.

10 «а» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Р. Бейсебаева.

10 «ә» сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшіріледі. Жетекшісі Ж. Орымбаева.

11 «а» сынып оқушылары емтиханға жіберіледі. Жетекшісі Б. Наурузбаева.

11 «ә» сынып оқушылары емтиханға жіберіледі. Жетекшісі Г. Тасболатова.

Мектеп директоры М. Калменов үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс жүргізуді пән мұғалімдеріне, денсаулығында ақауы бар балаларды бақылауға алып, арнай педагогикалық медициналық бақылаудан өткізуді ата-аналармен біргелікте қолға алып жұмыс жүргізуді сынып жетекшілері мен мед бикеге тапсырамын деп сөзін аяқтады.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша математика әдістемелік бірлестік жетекшісі **Н. Баядилова** сөз алды. Ол математика, физика және информатика пәндерінің бірлестігінің 2022-2023 оқу жылындағы 1 жылдық атқарылған жұмыстарының есебін берді.

Математика, физика, информатика пәндері бойынша әдістемелік бірлестікте 6 математика пәні мұғалімі, 2 информатика пәні мұғалімі және 1

физика пәні мұғалімі бар екенін айтып, атқарылған жұмыстарының есебін атап өтті:

1. Аудандық тамыз пед оқуында математика пәнінен сапалы және құнды баяндама оқығаны үшін Б. Мададов «Алғыс хатпен» марапатталды.

2. Аудандық тамыз пед оқуында физика пәнінен сапалы және құнды баяндама оқығаны үшін Қ. Абламатқызы «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

3. Миф бірлестігі өз пәндерінің апталық жүктемесін стандартқа сай бөліп алды.

4. Аудандық математика пән мұғалімдері олимпиадасында жоғары ғылыми-теориялық білім деңгейін көрсетіп жүлделі ІІІ орын алғаны Б. Мададов «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

5. Математика пәнінен 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық «Математика пән» олимпиадасына 6-сынып оқушысы Н. Нұрқанат қатысып, ІІ орын иеленді.

6. Оқушылар арасында аудандық олимпиадаға математика пәнінен 9 «а» сынып оқушысы А. Абдурахманова қатысып, ІІ орын алды.

7. Оқушылар арасынан аудандық олимпиадаға физика пәнінен 9 «ә» сынып оқушысы Р. Эркинбекова қатысып, ІІІ орын иеленді.

8. «Үздік интербелсенді сабақ-2023» аудандық байқауында үздік сабақ жоспарымен жоғары кәсіби шеберлік танытып, жүлделі ІІІ орын алғаны үшін Қ. Абламатқызы «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

9. Математика пәнінен 8-сынып оқушылар арасында өткен аудандық олимпиададан 8 «ә» сынып оқушысы М. Алимқұл ІІІ орын алды.

10. Аудандық математика пән мұғалімдері олимпиадасында жоғары ғылыми-теориялық білім деңгейін көрсетіп, жүлделі ІІ алғаны үшін П. Жаркынбекова «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

11. Қазақстан білім беру жүйесіндегі тәрбиенің нәтижелі мүмкіндіктері мен болашағы туралы жаңалықтарымен ақпараттандыру форумына белсенді қатысқаны үшін Б. Баядилова «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

12.Қазақстан республикасы ауыл мектептерінің 6-сынып оқушыларына арналған «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасына 6-сынып оқушылары қатып, облыстық деңгейге 2 оқушы өтті. Жеңімпаздар Н. Нұрмахан, І. Даулетов.

13.Математика пәнінен Кенгуру, Ақбота сайыстарына қатысып, оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды.

14. «Бүкіл әлем сөйлейді нақты ғылым тілінде» атты Миф апталығы жоғары деңгейде атқарылғанын айтты.

2022-2023 оқу жылы МИФ бірлестігі үшін жақсы жетістіктерге толы жыл болды.

Ұсыныс: Алдағы оқу жылында информатика пәні мұғалімі Е. Намазбаев жұмысын әрі қарай жүргізіп, жетістіктерге қол жеткізуі керек.

Пән мұғалімдері ғылыми жоба бойынша жұмыс жүргізіп, аудандық, облыстық кезеңдерде жетістікке жетуі керек.

Б. Баядилова алдағы оқу жылына қойған мақсатымыз оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру және білім сапасын көтеру. Аудандық, республикалық жетістіктерге қол жеткізу деп баяндады.

Бастауыш сыныптар бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі **Ф. Әлібекова** сөз алды. Ол өз сөзінде бастауыш әдістемелік бірлестігі «Оқушылардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру және әр оқушыны жеке тұлғадан қарау» өзекті мәселесі бойынша жұмыс істеп жатқандығын мәлімдеді. Жалпы бастауыш сыныпта 13 сынып комплектісі, 2 мектепалды сыныбы бар. Бірлестікте 18 ұстаз бар. Қазіргі таңда 18 ұстаз еңбек етеді. Оның ішінде зерттеуші-7, сарапшы-2, модератор-2, санаты жоқ-3 маман бар екенін айтып өтті.

Ф. Әлібекова 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті:

1.Қыркүйек айында бастауыш сыныптар бірігуімен Тіл мерекесіне «Тілім менің тұғырым» атты іс-шара өз деңгейінде өтілді.

2.Білім мен тәрбие егіз болғандықтан оқушылардың жыл мезгіліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Алтын күз» мерекесі өткізілді.

3.16-желтоқсан күні тәуелсіздік күніне орай сап жиып болып, 2-сынып оқушылары «Жас қыран» ұйымына өтті.

4.8-наурыз аналар мерекесіне орай 3-сыныптар «Ана өмір шырағы» атты мерекелік іс-шара өтті.

5.22-наурыз 2 «б» сынып оқушылары «Қош келдің әз наурыз!» атты мерекелік іс-шара өтті.

6.2-сыныптар арасында «Жеті қырлы бір сырлы» атты жігіттер сұлтаны өткізілді.

7.Мамыр айының 28-жұлдызында күні «Екі жұлдыз» сайысы өткізілді.

8.Мамыр айының 24,25,26-шы жұлдызында «Балалығым, бағбанымсың-Бастауыш» тақырыбында 4 «а», «ә», «б» сыныптарында бастауыш сыныппен қоштасу ертеңгілігі өткізілді.

Жоспарға сай онкүндіктің салтанатты ашылуы ақпанның 21 күні бастауыш оқушыларының қатысуымен іс-шара өткізілді. Ақпан айының 22-күні мектебімізде бастауыш сыныптар бойынша аудандық семинар өз деңгейінде өткізілгенін мәлімдеді.

А. Қожахметова 4 «а» сыныбымен әдебиеттік оқу пәнінен «Құстар әні» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Х. Оразбаева 2 «ә» сыныбымен әдебиеттік оқу пәнінен «Бесік жыры» тақырыбында ашық сабақ өтті.

А. Сламбекова 2 «а» сынып оқушыларымен қазақ тілі пәнінен «Жалқы есім мен жалпы есім» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Ұ. Байтілесова әдебиеттік оқу пәнінен «Бала Абай» тақырыбында ашық сабақ өтті.

А. Құдайбергенова 3 «б» сыныбымен дүниетану пәнінен «Қазақ хандығы» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Ш. Нәлтаева 1 «а» сыныбымен жаратылыстану пәнінен «Біздің рәміздер» тақырыбында ашық сабақ өтті.

О. Чинибекова 1 «б» сыныбымен ана тілі пәнінен «Дыбыстар мен әріптер» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Жоғарыда аталған ұстаздарымыз жоғары деңгейде ашық сабақ өтіп, келген қонақтар өз ризашылығын білдіріп кеткендігін мәлімдеді.

2022-2023 оқу жылында әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарына сай 5 отырыс өткізілгенін айтып, жоспар бойынша барлық жұмыстар орындалғанын мәлімдеді.

Ұсыныс:

- Бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын дамыту мақсатында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша педагогикалық әдістерді қолдану.
- Дарынды оқушылармен жұмысты дұрыс ұйымдастыру. Ғылыми жобаларға қатыстыру.
- Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясына көп көңіл бөлу, қолтаңбаларын жақсарту мақсатында жұмыстар ұйымдастыру.
- Оқушылардың оқу сауаттылығын қолға алу.

Ф. Әлібекова келесі оқу жылына қойған жоспарларымен таныстырып өтті:

- Жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, оқытудың тиімділігін арттыру.
- Оқушының ой жүйесін жетілдіру, бағдар бере отырып ойын жетелеу, шығармашылық пен ізденуге мүмкіндік беру.

Қазақ тілі әдіс бірлестік жетекшісі **Д. Есембаева** сөз алды. Ол 2022-2023 оқу жылындағы қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері бойынша атқарылған жұмыстарының есебін берді.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша қыркүйек айында А. Байтұрсынов 150-жылдығына байланысты мектебімізде іс-шара өтілді. Оған 5-11 сыныптастар аралығындағы оқушылар қатыстырылды. 5-қыркүйек «Тіл мерекесіне» концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Қазақ тілі апталығы 20-қыркүйекте «Тіл ел тірегі» атты апталығықтарының ашылуы болғанын мәлімдеді. Сонымен қатар Д. Есембаева өтілген іс-шараларды атап өтті.

1.Б. Бөріқұлова 11-сыныптар арасында «Тілім менің тірегім» тақырыбында эссе жаздырды.

2.Д. Есембаева 10 «а» сыныппен А. Құнанбаевтың «Он жетінші қара сөзі» тақырыбында ашық сабақ өтті.

3.Н. Тастанова 9-сыныптар арасында «Ахмет-Ұлт ұстазы» деген тақырыпта сайыс сабақ өтті.

4. А. Тұрлыбаева 5 «а» сыныппен «Балаға ат қою» деген тақырыпта ашық сабақ өтті.

5.Н. Балғабаева 6 «б» «Алып Ер Тұңға-көне жыр» тақырыбында ашық сабақ өтті.

6.Б. Қуанышбаева 6 «ә» сыныптар арасында «Қазақтың салт-дәстүрі ұлттық құндылықтар» тақырыбында ашық сабақ өтті.

М. Мақатаевтың 9-ақпан туылған күніне орай мектебімізде іс-шара өткізілді. Бұған 5-11 сыныптар қатыстырылды. Сәуір айында «Ғарышкерлер» күніне орай 9-сыныптар арасында дебат сабақ өткізілді.

Биылғы оқу жылындағы жетістіктер:

1.6 «а» сынып оқушысы И. Мулдашова аудандық пән олимпиадасына қатысып, ІІІ орын иеленді. Жетекшісі: Б. Қуанышбаева.

2.Н. Тастанова ақпан пед оқуларынан баяндама оқып, мадақтамамен марапатталды.

Н. Оспанова, Қамбар «Шәкәрім» оқуларын оқып, мадақтамамен марапатталды. Жетекшісі: Н. Тастанова.

3.Д. Есембаева Ұстаз тілегі-ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастырылуына қатысып, сертификат алды.

4.А. Тұрлыбаева мұғалімдер олимпиадасына қатысып, ІІІ орын иеленді.

ӘБ жетекшісі Д. Есембаева 2022-2023 жылы алға қойған мақсаттарына жеттік деп қорытындылады. Сонымен қатар келер оқу жылына қойған мақсаттарымен таныстырып өтті:

- Озіндік білім жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.
- Оқушыларды пән олимпиадаларына дайындап, жүлделі орындарға ие болу.

- Әр түрлі мектепшілік, қалалық, республикалық байқауларға оқушы дайындау, қол жеткізу.
- Ғылыми жоба жұмысын жалғастыру, жандандыру, нәтижеге бағыттау.
- Білім сапасын арттыру жолдарын іздену.
- Үлгерімі төмен және қабілетті, дарынды оқушылармен жұмысты жақсарту.

Д Есембаеваның есебіне мектеп директоры біршама ескертпелер айтты. Біріншіден қазақ-тілі бірлестігі 2022-2023 оқу жылында қандай тақырыпта, қандай мақсатта жұмыс жасады? Мақсаттарын жүзеге асыру үшін қандай тақырыптық іс-шаралар атқарды, т.с.с қандай жұмыстар жүргізілді деген тұрғыда есеп өрбу керек еді, өкінішке орай есептің жалпы мағанасы «пәленше мынандай тақырыпта ашық сабақ өтті» деген секілді тізбеден ары аспай отыр деп сөзін аяқтады.

Ағылшын тілі мұғалімі **Ұ. Отарова** сөз алды. Ол өз сөзінде 2022-2023 оқу жылы мектебіміздің ағылшын тілі бірлестігі үшін табысқа толы жыл болғанын айтып өтті. Атап өтер болсақ: бірлестігіміздің жетекшісі Г. Тасболатова пән олимпиадасының аудандық кезеңінде I орын иеленіп облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңде I орын алып, мектебіміздің қоржынын толтыра түсті. Гүлжан апайымыздың шәкірттері де қапы қалған жоқ. 10-сынып оқушысы С. Унгарбекова аудандық пән олимпиадасынан II орын, 2-сынып оқушысы Нұрмахан Сабина пән олимпиадасының аудандық кезеңінен I орын алып, облыстық кезеңге жолдама алды деп мәлімдеді.

Мектебіміздің ұлағатты ұстазы, ағылшын тілі пәні мұғалімі З. Дүйсебаеваны да ауыз толтырып айтатын жетістіктері баршылық. З. Дүйсебаева оқу жылында «Action Research and Lesson Study» педагогикалық шеберлік сертификатына ие болды, ғылыми жоба бойынша авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізімге мәліметтерді енгізі туралы куәлікті еншіледі. З. Дүйсебаева жетекшілік жасаған оқушымыз А. Анес «Жарқын болашақ» республикалық шығармашылық байқауында II дәрежелі дипломмен, Б. Сейдір Павлодар ғылыми-практикалық конференциясынан сертификатпен марапатталды. «Мың бала» ұлттық олимпиадасынан З. Дүйсебаеваның шәкірттері, 6-сынып оқушылары Н. Нұрмахан мен Іззет жеңімпаз атанып, дипломмен марапатталғанын да айта кетті.

Сонымен қоса, С. Ахметова пән мұғалімдері олимпиадасының аудандық кезеңінде ІІ орынға лайық деп танылды.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ж. Қуаныш шәкірті 8- сынып оқушысы С. Амантай пән олимпиадасының аудандық кезеңінде ІІ орын алып қуантты.

Ұ. Отарова аудан шеңберінде өткізілген «Тұғыры биік тәуелсіздік» тақырыбында эссе жазу байқауынан І орын иеленді.

Мектебімізде ақпан айында ағылшын тілі апталығы өткізілді. Барлық пән мұғалімдер ашық сабақтар мен сыныптап тыс іс-шараларды өз деңгейінде өткізді. Бірнеше сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды.

Жалпы 2022-2023 оқу жылы ағылшын тілі бірлестігі үшін табысты болғанын мәлімдеді.

Ұсыныс:

Кейбір бірлестік мұғалімдері теориялық білімін шындап, педагогикалық шеберлігін арттыру керек.

Алдағы оқу жылына қойған мақсатымыз оқушылардың ағылшын тілін үйренуге қызығушылығын арттыра отырып, ағылшын тілінен білім сапасын арттыру. Облыстық, республикалық олимпиадаларға оқушылар шығару деп сөзін аяқтады.

Ағылшын –тілі бірлестігінің де есебі сол тұрғыда Өткен 2022-2023 оқу жылының тақырыбы, мақсаты, бірлестік қандай проблема үстінде жұмыс жасады, алға қойылған мақсат орындалды ма, жоқ әлде орындалмады ма. Орындалмаған болса оған не кедергі болды, орындалған болса қандай әдіс тәсілдер қолдану барысында мақсатқа қол жетті. Өкінішке орай оның бірде бірлестік жетекшісінің есебінде көрініс таппаған. Келесі оқу жылында атқарылатын міндеттерде нақтылық жоқ. Тек қана мұғалімдердің өткен ашық сабақтарының тізбесі, аудандық олимпиадалар мен байқаулардан алған марапаттары тағысын тағы деп сөзін аяқтады.

Биология, химия, география пәндерінің бірлестік жетекшісі Н. Алипбаева сөз алды. 2022-2023 оқу жылындағы жаңартылған білім беру мазмұнындағы іс әрекеттерді зерттеу бағытындағы тақырыбымыз: «Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіре отырып, білім алушылардың оқыту мен оқу арқылы білім сапасын жақсарту».

Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары жасалып, бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы атқарылатын іс-әрекеттерді зерттеу барысында мынадай іс-шараларды жүзеге асырдық.

1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары бойынша сәуір айында «Биология пәнінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында биология пәні мұғалімі М. Майрихова оқып, сертификатталды.

2. Маусым айында «Мектептегі химия сабағы: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» тақырыбында химия пәні мұғалімі Н. Алипбаева оқып, сертификатталды.

3. Шілде айында «Мектептегі биология сабағы: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» тақырыбында биология пәні мұғалімі Д. Кожухова оқып, сертификатталды.

4. Тамыз айында «Мектептегі география сабағы: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» тақырыбында география пәні мұғалімдері Ш. Мамырова және Л. Мамитова оқып, сертификатталды.

5. Дәстүрлі Тамыз педагогикалық конференцияда химия пәні мұғалімі Н. Алипбаева «Химия сабағында оқу мақсатарына сәйкес функционалды сауаттылық тапсырмаларды құрастыру» тақырыбында шебер сынып өтті.

6. Қазан айында география пәні мұғалімі Л. Мамитова «Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында оқып, сертификатталды.

7. Қазан айында химия пәні бойынша облыстық семинарда «Химия сабағында оқу мақсатына сәйкес деңгейлік тапсырмаларды құрастыруда қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану» тақырыбында шебер сынып өтті.

8. Оқушылар арасындағы пән олимпиадасынан география пәнінен 9 а сынып оқушысы А. Мелдехан жүлдеді ІІ орын иеленді.

9. «Педагогикалық эссе» аудандық байқауында география пәні мұғалімі Л. Мамитова жүлделі ІІ орын иеленді.

10. Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастыруымен «Мәртебелі ұстаз-2022» атты аудандық сырттай байқауға химия пәні мұғалімі Н. Алипбаева қатысып, жұмысы жоғары бағаланып, облыстық кезеңнен жүлделі І орын алды.

11. Желтоқсан айында Н. Алипбаева “Үздік педагог-2022” байқауының аудандық кезеңінде жүлделі ІІІ орын иеленді

12. Сәуір айындағы жұмыстар бойынша апталық 17.04-05.05.22 аралығында ашылып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Апталықтың ашылуы ерекше форматта ашылды. Кюар код арқылы оқушылар мен мұғалімдерге жұмбақтар жасырылды. “Гүлдің құрылысы, тозандану мен ұрықтану” тақырыбында 7 «б» сыныбымен М. Майрихова, “Жердегі тршіліктің пайда болуы” тақырыбында 9 «б» сыныпқа Д. Кожухова, “Қазақстандағы экологиялық аймақ” тақырыбында 5 «а» сыныпқа Л.

Мамитова, “Жаһандық мәселелер” 10 «ә» сынып Ш. Мамырова, 9 «ә» сыныпта “Қазақстандағы отын түрлері” Н. Алипбаева өз деңгейінде сабақтарын өтіп, тиімді кері байланыс берілді.

13.Көктемгі облыстық мұғалімдер арасындағы пән олимпиадасына М. Майрихова II орын иеленді.

14.Оқушылар арасындағы пән олимпиадасында химия пәнінен 8 «ә» сынып оқушысы Г. Абдували II орын иеленді.

15.Республикалық ПроЭко экологиялық сайысында “Туған өлкем-табиғатым” бағыты бойынша 8 «а» сынып оқушысы А. Нұрмахан жүлделі II орын иеленді.

16.2022-2023 оқу жылындағы химия 59 %, биология 59 %, география 62 % сапаны құрады.

17.Жұмыстарды қорытындылай келе, алдағы уақытта анықталған проблеманы шешудің жолдарын мақсат етіп, оқу жылын жақсы нәтижемен аяқтауды көздеп отырғанын айтып өтті.

Н. Алипбаева 2022-2023 оқу жылы биология, химия, география бірлестігі үшін жақсы жыл болды деп, өз пікірін білдірді.

Келесі оқу жылына қойған мақсатымыз өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жалғастыру. Оқушыларды пән олимпиадаларына дайындап, жүлделі орындарға ие болу. Білім сапасын арттыру және үлгерімі төмен, дарынды оқушылармен жұмыс жасау деп қорытындылады.

Тарих және құқық пәні бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі С. Сулейменова сөз алды. Ол тарих және құқық бірлестігінде 5 мұғалім бар. Барлығы жоғары білімді екенін айтып өтті.

Пән бірлестігі мұғалімдерінің 2022-2023 оқу жылындағы басты мақсаты аудандық, облыстық пән олимпиадаларына оқушыларды қатыстыру және жүлделі орындарға ие болу деп баяндады. Ол өз сөзінде биылғы жылы оқу мақсаттарына жеткендігін мәлімдеді. Оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болғанын, бір оқушымыз ауданнан бірінші орын иеленіп, облысқа дейінгі дәрежеге жеткенін де айтып өтті.

Сонымен қатар С. Сулейменова өз сөзінде негізгі мақсатымыз оқушыларға саналы тәрбие, сапалы білім беру. Тарих пән бірлестігі ұстаздарының 1 жылдық жетістіктері де аз болмағанын баяндады. Білім ордасының жоспарына сәйкес 2 апталық пән апталығын өткіздік. Апталық өз деңгейінде өтілді. Пән мұғалімдері ашық сабақтарын өз дәрежесінде өтті. Оқушылар апталыққа белсене қатысып, дер кезінде марапатталды деп мәлімдеді.

Ұсыныс:Жетістіктерге жетіп отырған оқушыларымызға дер кезінде колдау көрсетіп, мектеп әкімшілігі тарапынан көңіл бөлініп, мадақтама

беріліп отырса оқушы қызығушылықпен әрі қарай жұмыс жасайтын болады деп өз пікірін білдірді.

С. Сулейменова бірлестік жетекші ретінде келер жылға қойған жоспарымен де таныстырып өтті.

Жылдық жоспарды нақтылап құрып алып, ұстаздарымызға нақты тапсырмалар беріп, орындалуын жете қадағалап отыру. Тандалған тақырып аясында жұмыс атқару, жетістіктерге жету. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Облыс, республика көлемінде жетістіктерге жету деп сөзін аяқтады.

Мектеп директоры сөз алып; «Тарих –география бірлестік жетекшісі есебінің тақырыбы мен мақсаты жоқ. Яғни бірлестік жыл бойы қандай тақырыпта, қандай мақсатта жұмыс істегені белгісіз. Келесі оқу жылы бойынша да алға қойған мақсатта нақтылық жоқ» деп сөзін аятады.

Орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі **З. Абенова** сөз алды. Ол өз сөзінде орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша әдістемелік бірлестікте 8 мұғалім бар. Барлығы жоғары білімді екенін мәлімдеді.

Қазіргі қоғам дамуындағы ең басты факторлардың бірі – оқушыға жүйелі, жан-жақты білім беру мен тұлғаны қалыптастыру. Мектепте тек білім беріп қоймай, бойына адами құндылықтар дарыған ұрпақ тәрбиелеу басты мақсатымыз. Бірлестігіміздің I жылдық атқарған жұмыстары деп 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарымен таныстырып өтті.

1. Бірлестік мүшелері апталық жүктемені стандартқа сай бөліп алды.
2. 19 қараша күні бірлестік мүшелері бірігіп аймақтық пәндік семинар өткіздік. Барлық ұстаздар ашық сабақтарын жоғары деңгейде өткізіп берді.
3. Аудандық «Лермонтов оқулары» байқауында үздік жазба жұмысы мен мәнерлеп айту номинациясында жоғары кәсіби шеберлік танытып жүлделі III орын алғаны үшін Ботабекова Шолпан Алмасовна марапатталды.
4. «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрлігінің Білім саласында Сапаны Қамтамасыз ету Комитетінің «Алғыс хатымен» Абенова Зауре Ильясовна марапатталды.
5. Аудандық «Пушкин оқулары» байқауына белсене қатысып, «Мәнерлеп оқу» бағытында III орын алғаны үшін 10 сынып оқушысы Қамбар Дина марапатталды (жетекшісі Ботабекова Шолпан).

6. 7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық олимпиадада жоғары теориялық білім көрсетіп орыс тілі пәнінен жүлделі I орын алғаны үшін Калим Томирис марапатталды (жетекшісі Абенова Зауре).
7. 2-4 сынып оқушыларына арналған аудандық пән олимпиадасында жоғары теориялық білім көрсетіп, орыс тілі пәнінен жүлделі III орын алғаны үшін 4 сынып оқушысы Ибрагимова Гюзаль марапатталды (жетекшісі Ботабекова Шолпан Алмасовна)

Сонымен қатар 3. Абенова келесі оқу жылына қойған мақсат-міндеттерін атап өтті.

1. Оқушылардың шығармашылық даму мүмкіндіктерін анықтаудың әдіс – тәсілдерін оқып – үйрену.
2. Ақпараттық технологияларды қолдану бойынша әрбір мұғалімнің шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру, жинақтау, жариялау жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Білім сапасын көтеру жұмыстарын қарастыру және олимпиада, түрлі ғылыми конкурстарға қатысу жұмыстарының сапасын арттыру.
4. Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру түрлерін, жолдарын қарастыру, семинар ұйымдастыру.
5. Мақсатты жүзеге асыру жолында ашық сабақтар, шығармашылық есептер, конференциялар, семинарлар ұйымдастыру деп сөзін аяқтады. Бірлестік жетекшісі 3 Абенова өз есебін аяқтады кімде қандай сұрақ бар? Ешкімде сұрақ болмаса мен берілген есеп бойынша бірер пікір білдіріп өтейін деп мектеп директоры сөз бастады. Бірлестік жетекшісінің өткен оқу жылындағы жеткен жетістіктері көңіл қуантады. Әйткенмен есепте бірлестік өткен оқу жылында қандай тақырыпта жұмыс жасағаны, қандай мақсатты алға қойғандары, ол мақсатты сәтті орындай алғандығы немесе әттегенай сәттердің орын алғандығы көрініс таппаған. Әрбір есеп тапсырушы өз есебін жыл басындағы түзген жоспарына қарай бергені дұрыс. Дегенмен бірлестік жетекшісінің жаңа оқу жылына алға қойған міндеттемелері, өткен оқу жылына жасалған талдаудың қорытындысы екені көрініп тұр деп сөзін аяқтады.

7.Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша мектеп директоры **М.**

Калменов сөз алды. ҚР Еңбек кодексінің 52 бап, 1 тармақ, 2 тармақшасын негізге ала отырып 2022-2023 оқу жылы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша,Қ.Р Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8- қарашадағы №500 бұйрығына қосымшасымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және 2022-2023 оқужылы 10-11 сыныптарындаҚ.Р. Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 12-тамыздағы №365 бұйрығына 85,86-қосымшалар, Қ.Р.Білім және ғылымминистрінің 2012 жылғы 8-қарашадағы

№500 бұйрығына 85,86- қосымшаларымен бекітілген оқыту қазақ-тілінде жүргізілетін сыныптарға қоғамдық гуманитарлық, жаратылыстану - математика бағыты жалпы орта білім берудің үлгілік оқуларына сәйкес 2023-2024 оқу жылында еңбек және дене шынықтыру пәндері, орыс-тілі мен әдебиеті сонымен қатар ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдеріне сағат жетпеу мүмкіндігі жоғары екендігін айта келе, тиісті пән мұғалімдеріне ескерту хаттары берілетіндігін ескертті. 2. М. Калменов директордың оқу ісі орынбасары Қ. Молдашов пен пән мұғалімдеріне емтиханға дайындық пен емтихандарды өз дәрежесінде жүргізуін тапсырды. Сонымен қатар кабинеттерді жөндеу жұмыстарын жүргізу жайында да әңгіме өрбіді. МАД тобы мен 9 сыныптар аралығындағы жазғы лагерьге жетекші мұғалімдер бекітіп, өз дәрежесінде жүргізілуін, оқушыларды қамту мәселелерін қолға алуды Бастауыш сыныптар бойынша директордың орынбасары М.Аукенбаеваға жүктеді.

Педагогикалық кеңесте қабылданған шешім:

1. Өткен оқу жылындағы жаңартылған білім беру аясында жүргізілген жұмыстар жоспарлы түрде өз дәрежесінде жүзеге асырылды.

Жаңартылған білім беру аясында бірлескен оқуды қолдану нәтижесі бойынша жүргізілген жұмыстар Н.Балғабаеваның берген есебі бойынша толық қанағаттанарлы деп есептелсін.

2. 2022-2023 оқу жылынды атқарылған жұмыстарға талдау және алдағы міндеттер:

А) оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша

Ә) жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша оқу тәрбие жұмыстары бойынша талдау және алдағы міндеттері.

Тәрбие жұмысының 2022-2023 жылғы атқарған жұмыстары ұсыныс пікірлерді ескере отырып қанағаттанарлы деп есептелсін.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2022-2023 жылғы атқарған жұмыстары ұсыныс пікірлерді ескере отырып толық қанағаттанарлы деп есептелсін.

3. IV тоқсандағы және жылдық оқушылардың білім сапасының мониторингі бойынша өз міндеттерін орындамай пед кеңестеаттары аталған мұғалімдердің барлығына ауызша ескерту берілсін, бұдан кейін осы жағдай қайталанар болса қатаң сөгіс берілетіні ескертілсін.

4. 1-4 сынып оқушыларын аралық аттестаттауға жіберу туралы. Сынып жетекшілерінің берген мәліметтеріне сәйкес барлық 1-4 бастауыш сыныптарының оқушылары сыныптан сыныпқа көшірілсін. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу пән мұғалімдеріне, ал денсаулығында ақауы бар балаларды бақылауға алып, арнайы педагогикалық медициналық бақылаудан өткізуді ата-аналармен біргелікте қолға алып жұмыс жүргізу сынып жетекшілері мен мед бикеге міндеттелсін.

5. 5,8 және 10- сынып оқушылары түгел сыныптан сыныпқа көшірілсін. Жазғы сауықтыру жұмыстары барысында үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне, денсаулығында ақауы бар оқушыларды арнайы педика медициналық комиссияға ата-аналармен біргелікте алып бару сынып жетекшілері мен медбикеге жүктелсін. 9,11- сынып оқушылары қорытынды аттестаттауға жіберілсін. Оқушыларды аттестациядан өткізу пән мұғалімдеріне, бақыдау мен басшылық директордың оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары Қ.Молдашевқа жүктелсін.

6. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің 1-жыл бойы атқарылған жұмыстарының есебі. Барлық бірлестік жетекшілерінің өткен 2022-2023 оқу жылы бойынша берген есептері ұсыныстар мен ескертпелерді назарға ала отырып қанағаттанарлы деп есептелсін.

1. Өткен оқу жылына жасалған бірлестік жоспарының тақырыбы мен мақсатының есепте көрініс таппауы.

2. Тақырыптың ашылу мен мақсаттың орындалғандығы немесе керісінше орындалмағандығының көрініс таппауы немесе дұрыс талқыланбауы.

3. Келесі жаңа оқу жылына міндеттемелердің немесе мақсаттың дұрыс нақты қойылмауы.

7. Әр түрлі мәселелер; Күн тәртібіндегі түрлі мәселелер бойынша жоғарыда есеп берген бастауыш сыныптардағы директордың орынбасары М.Аукенбаева мен Директордың оқу –тәрбие жұмыстары жөніндегі

орынбасары Қ.Молдашовтың есептеріндегі мәлімет бойынша, бастауыш сынып мұғалімдерінің, дене тәрбиесі мұғалімдерінің, орыс-тілі пәнінің және ақылшын тілі пәні мұғалімдерінің жаңа 2023-2024 оқу жылында 31.05.2023 жылғы №5 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде сағат саны жетіспейтіндігін негізге ала отырып төмендегі мұғалімдерге ескерту хат берілсін.

Мектеп директоры:



М. Калменов

Хатшы:



М. Майрихова